	мармелад, жеміс қағынан жасалған кәмпит. Тыйым салынады: қышқыл жеміс сорттары, шоколад, балмұздақ, кремді өнімдері. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: сүтті, қаймақты, көкөністі тұздықтар, жеміс-жидек дәмқосары. Тұздыққа арналған ұн қуырылмайды. Ақжелкен, аскөк, даршын, ванилин. Тыйым салынады: ащы, ет және балық сорпасындағы, саңырауқұлақ шырымен, бұрыш, қыша, желкек. 12. Сусындар. Ұсынылады: лимон қосылған шай, сүт қосылған кофе, көкөніс, жеміс-жидек шырындары, итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: кофе, какао, салқын сусындар. № 5а емдәмі Қолдану көрсеткіштері: аурудың бастапқы сатысындағы жіті гепатиттер мен холециститтер; созылмалы гепатиттердің, өт жолдарының қабыну зақымдануларының өршуі (холециститтер, ангиохолиттер және т.б.); өт жолдарына ота жасағаннан кейін; бауыр мен өт жолдарының аурулары (гепатиттер, циррозлар, холециститтер және т. б.) асқазан мен ішектердегі айқын қабыну процестерімен не асқазанның немесе жіңішке ішектің ойық жара ауруымен үйлескенде. Нысаналы мақсаты. Бауыр мен өт жолдарының бұзылған функцияларын қалпына келтіруге, бауырда гликогеннің жиналуына ықпал ету, асқазан мен ішектерді бір уақытта механикалық және химиялық сақтаумен өт бөлінуін ынталандыру. Жалпы сипаттамасы. Энергия құндылығы бойынша ақуыздар мен көмірсулардың жеткілікті мөлшері бар, майларды, ең алдымен баяу еритін, натрий хлоридін шектейтін, пуриндерге, азотты экстрактивті заттарға, холестеринге, қымыздық қышқылына, ірі талшыққа, майлы тағамдарға бай өнімдерді қоспағанда, толық емдәм. Липотропты заттардың (холин, метионин, лецитин), дәрумендер мен сұйықтықтардың мөлшері артты. Энергетикалық құндылығы - 9839-11514 кДж (2350-2750 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 80-100 г (60 % жануарлар), майлар - 70-80 г (20-25% өсімдік), көмірсулар - 350-400 г (80-90 г қант), натрий хлориді - 8 г; бос сұйықтық - 2-2,5 л. Аспаздық өңдеу.Қайнатуға рұқсат етіледі, тамақ сұйық және үгітілген түрде қолданылады. Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 5 рет жылы күйде қабылданады. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: ржаной и свежий хлеб, изделия из сдобного и слоеного теста. кешегі пісірілген немесе кептірілген бидай наны. Майқоспасыз печенье. Тыйым салынады: қара бидай мен жаңа піскен нан, майқоспа мен қабаттама қамырдан жасалған өнімдер. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: қайнатылған және буда піскен майсыз, сіңірсіз сиыр еті, қоян, күркетауық, тауық еттері (теріні алып тастайды) котлет массасынан жасалған өнімдер түрінде (езбе, суфле, кнел және т.б.). Теріден тазартылған қайнатылған балапан еті кейде аз мөлшерде рұқсат етіледі. Тыйым салынады: майлы сорттары, қаз, үйрек, жабайы аң мен құс еттері, бауыр, ми, бүйрек, қуырылған және бұқтырылған ет, ысталған ет, шұжық, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз түрлері, қайнатылған және буда піскен, котлет массасынан жасалған бұйымдар, езбе, қайнатылған өнімнен суфле, вегетариандық қайнатпада құйылып ұйыған балық. Тыйым салынады: майлы түрлері, ысталған, тұздалған, бұқтырылған,

	қуырылған, консервілер, уылдырық. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: буда піскен ақуыздық омлет, тағам құрамында күніне 0,5-1 сарыуыз. Тыйым салынады: басқа тағамдар түрінде. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сүт (көтере алғанда), сүт қышқылды сусындар, шектеулі мөлшерде қаймақ негізінен тағам құрамында, қышқыл емес майсыз сүзбе және одан жасалған езілген, буға піскен тағамдар, ащы емес, үгітілген ірімшік. Тыйым салынады: қосалқы энтероколитте табиғи түрдегі сүт, майлы және қышқылдығы жоғары сүзбе, кілегей, ащы ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: табиғи түрде және тағам құрамында аз мөлшерде сары май және тазартылған өсімдік майлары. Тыйым салынады: басқа майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: жартысында сумен сүттегі ботқалар (ұнтақ жарма, жақсы әбден қайнатылған күріш, езілген сұлы мен қарақұмық, күріш пен қарақұмық ұнынан). Ұнтақ жарма, күріш, қарақұмық суфлесі. Қайнатылған вермишель. Тыйым салынады: тары, арпа және арпа жармасы, бытырап піскен ботқалар, макарондар, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: езілген түрде (езбе, суфле және т.б.) қайнатылған, буда піскен және шикі көкеністер. Пісірілген немесе бұқтырылған тілінген асқабақ пен цукини. Тыйым салынады: шалғам, шалқан, шомыр, қырыққабат, қымыздық, асжапырақ, сарымсақ, пияз, ашытылған, тұздалған және маринадталған көкөністер, саңырауқұлақтар. 9. Көжелер. Ұсынылады: жартысы сумен сүт көже, езілген көкөністер және жармалармен, езбе көже мен кремдері бар вегетариандық көжелер. Сары май немесе қаймақ қатылады. Тыйым салынады: езілмеген көкөністер мен жармалар қосылған ет, балық, саңырауқұлақ сорпалары. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: піскен тәтті жемістер мен шикі езілмеген, көмештелген, пісірілген жидектер, кисельдер, дірілдек, мусстар, зефир, жеміс қағынан жасалған кәмпит, бал, қант, тосап. Тыйым салынады: қышқыл, қатты жемістер, қатты дәндері бар жидектер (мүкжидек және т.б.), шоколад, халва, крем өнімдері, балмұздақ. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: көкөніс қайнатпасында немесе жарма шырышында тұздықтар, сүт, жеміс-жидек тұздықтары. Ұн қуырылмайды. Тыйым салынады: барлық дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: лимон, сүт қосылған шайлар, сүт қосылған кофе-суррогат, итмұрын қайнатпасы, қызанақ шырыны, тәтті жеміс-жидек шырындары. Тыйым салынады: табиғи кофе, какао, суық және газдалған сусындар. № 5п емдәмі Нысаналы мақсаты. Ұйқы безінің сыртқы секреторлық функциясының тежелуіне, панкреатиялық ферменттер мен олардың ингибиторларын құруға қажетті ақуыз синтезіне, тағам каналының химиялық және механикалық сақталуына, ұйқы безі мен бауырдың майлы инфильтрациясы мен дистрофиясының алдын алуға, өт қабының рефлекторлық қозғыштығының төмендеуіне ықпал ету. 1 нұсқа. Қолдану көрсеткіштері: жіті панкреатит (3-4-ші күннен бастап) және созылмалы панкреатиттің өршуі (емдеудің басында). Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылығы төмен, ақуыздың қалыпты мөлшері, майлар мен көмірсулардың айтарлықтай шектелуі бар, экстрактивті заттарға бай тағамдарды алып тастау

	арқылы механикалық және химиялық тұрғыдан сақталған, ас қорыту бездерінің секрециясын ынталандыратын және құрамында ірі талшық бар емдәм. Энергетикалық құндылығы - 6280-7118 кДж (1500-1700 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 80 г (30-35 % жануарлардан шыққан), майлар - 40-60 г (25% өсімдік), көмірсулар - 200 г (25 г қант), натрий хлориді - 8-10 г; бос сұйықтық - 8-10 г. Аспаздық өңдеу. Тағам сұйық және жартылай сұйық консистенциясы бар қайнатылған және буға піскен түрінде дайындалады. Тамақ ішу тәртібі. Бөліп-бөліп тамақтану күніне 5-6 рет. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: бидай нанынан жасалған кепкен нан (күніне 50 г). Тыйым салынады: басқа ұн өнімдері. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: майсыз, сіңірсіз сиыр еті, қоян, тауық еті, күркетауық қайнатылған немесе буға піскен, езілген түрінде (суфле және т.б.). Тыйым салынады: майлы сорттар, қой еті, шошқа еті, қаз, үйрек, бауыр, ми, қуырылған және бұқтырылған бүйрек, ысталған ет, шұжық, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: суфле, кнелдер түрінде майсыз балық. Тыйым салынады: майлы түрлері, қуырылған, бұқтырылған, ысталған, тұздалған, консервілер, уылдырық. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: күніне 1-2 жұмыртқадан буда пісірілген ақуыздық омлет, тағам құрамында күніне 1/2 дейін сарыуыз. Тыйым салынады: басқа тағамдар түрінде. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: тағамдардағы сүт, паста түрінде жаңадан дайындалған қышқыл емес сүзбе, бу пудингтері. Тыйым салынады: табиғи түрдегі сүт, кілегей, сүт қышқылы сусындары, қаймақ, майлы және қышқылдығы жоғары сүзбе, майлы және тұзды ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: тұздалмаған сары май және дайын тағамдарға тазартылған өсімдік майлары. Тыйым салынады: басқа майлар, оларға қуыру. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: езілген, жартылай тұтқыр ботқалар (қарақұмық, сұлы және т.б.), суфле, пудингтер. Тыйым салынады: тары, арпа, бытырап піскен ботқалар, макарон өнімдері, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: картоп, сәбіз, кәді, езбе және бу пудингі түріндегі гүлді қырыққабат. Тыйым салынады: ақбас қырыққабат, шомыр, шалқан, шалғам, тарна, асжапырақ, қымыздық, сарымсақ, пияз. 9. Көжелер. Ұсынылады: жармалардан (сұлы, арпа, күріш, ұнтақ жарма) шырышты көжелер, қайнатылған еттен жасалған крем көжесі. Тыйым салынады: ет және балық сорпасында, саңырауқұлақтар мен көкөністердің қайнатпасында, сүт көже, щи, борщ, окрошка, қызылша сорпасы. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: езілген компоттар, кисельдер, мусс, дірілдек (ксилитте немесе сорбитте). Тыйым салынады: барлығы. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: жартылай тәтті жеміс-жидек қатықтары. Тыйым салынады: басқа тұздықтар мен дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: әлсіз шай, итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: басқа сусындар, соның ішінде көкөніс және жеміс шырындары. 2 нұсқа. Қолдану көрсеткіштері: созылмалы панкреатит өршудің тынышталған кезеңінде (№5п емдәмнің 1 нұсқасынан кейінгі 5-7 күннен бастап) және ремиссия (2-4 ай ішінде.). Жалпы

	сипаттамасы. Энергетикалық құндылығы жоғары, ақуыз, липотропты заттар мен дәрумендердің мөлшері жоғары, көмірсулардың (ең алдымен оңай сіңетін) және майлардың (негізінен баяу еритін), холестериннің, эфир майларының, ірі талшықтың, натрий хлоридінің, экстрактивті заттардың, пуриндердің мөлшерін шектейтін орташа емдәм. Ішектердегі ашыту процестеріне және кебуіне ықпал ететін қуырылған тағамдар мен өнімдер алынып тасталады. Энергетикалық құндылығы - 10258-11304 кДж (2450-2700 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 130-140 г (60-70 % жануарлардан шыққан), майлар - 80 г (15-20% өсімдік) көмірсулар - 300-350 (30-40 г қант); натрий хлориді - 10 г; бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Тағам қайнатылған, буда піскен және ұсақталған түрінде дайындалады. Тамақ ішу тәртібі. Бөліп-бөліп тамақтану күніне 5-6 рет. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар № 5а диетасына ұқсас, оңай сіңетін көмірсулардың (бал, қант, тосап, кондитерлік өнімдер және т.б.) шектеуін қоспағанда; қанттың орнына ксилит ішінара қолданылады (30-40 г). № 6 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: несеп қышқылы тұздарынан (уратурия) немесе қымыздық қышқылынан (оксалурия) тастар түзе отырып құяң, несеп-тас ауруы; ет пен балықты шектеу көрсетілген басқа аурулар. Нысаналы мақсаты. Зәр қышқылының эндогендік түзілуін азайтуға, оны ағзадан шығаруға/6 пурин алмасуын қалыпқа келтіруге ықпал ету; тағаммен қымыздық қышқылының түсуін шектеу. Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылығы бойынша көмірсулардың қалыпты құрамымен, ақуыздарды, майларды және натрий хлоридін шектеумен толық емдәм. Пуриндерге, қымыздық қышқылына бай тағамдар алынып тасталады. Сілтілі өнімдердің (сүт, көкөністер, жемістер) және сұйықтықтың мөлшері артылды. Энергетикалық құндылығы - 10886-12351 кДж (2600-2950 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 70-80 г (негізінен сүт), майлар - 80-90 г (25% өсімдік), көмірсулар - 400-450 г; натрий хлориді - 8-10 г; бос сұйықтық - 2-2,5 л. Аспаздық өңдеу. Ет пен балықты қайнатылған түрінде пісіру ұсынылады, содан кейін қуыруға рұқсат етіледі. Қалған жерде аспаздық өңдеу қалыпты. Тамақ ішу тәртібі. Тамақ тәулігіне 4-5 рет, аралықта – сусын ішу арқылы қабылданады. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: бидай мен қара бидай ұнынан әртүрлі түрлері. Тыйым салынады: майқоспа мен қабаттама қамырдан жасалған өнімдер. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: майсыз сорттары, алдын ала қайнатылғаннан кейін пісірілген немесе көмештелген, шектеулі (аптасына 2-3 рет). Тыйым салынады: майлы сорттар, жас жануарлар мен құстардың еті, бауыр, бүйрек, ми, тіл, қуырылған және бұқтырылған түрінде, шұжықтар, консервілер, ысталған ет. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз қайнатылған шектеулі (аптасына 2-3 рет). Тыйым салынады: майлы түрлері, тұздалған, ысталған, консервілер, уылдырық. күніне бір, аспаздық шектеусіз. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: күніне бір жұмыртқа, аспаздық өңдеу шектеусіз. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сүт, сүт қышқылы сусындары, қаймақ, сүзбе, табиғи ірімшік және тағам дайындау

	үшін. Тыйым салынады: тұзды және ащы ірімшіктер, жоғары қышқылдығы бар сүзбе. 6. Майлар. Ұсынылады: сары май, ерітілген май, өсімдік майы. Тыйым салынады: қойдың, шошқаның, сиырдың майлары және аспаздық май. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары Ұсынылады: жармалар және макарон өнімдері, барлық ассортимент шектеулі мөлшерде, тағамды әртүрлі дайындаумен. Тыйым салынады: бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: шикі көкеністер және түрлі тағамдар түрінде. Тыйым салынады: қымыздық, асжапырақ, рауғаш, тұздалған, маринадталған саңырауқұлақтар. 9. Көжелер. Ұсынылады: сүт көже, вегетариандық (борщ, щи, жарма қосылған көкөніс көжесі), суық (қызылша сорпасы, окрошка) көжелер. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: қышқыл емес сорттардың жемістері мен жидектері, жаңа піскен және кез-келген аспаздық өңдеуде, кисельдер, сүт кремдері, қант, бал, тосап, мармелад, жеміс қағынан жасалған кәмпит, безелер. Тыйым салынады: таңқурай, інжір, шоколад. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: сүтті, қаймақты, қызанақты тұздықтары, көкөніс қайнатпасында, ванилин, даршын, лимон қышқылы. 12. Сусындар. Ұсынылады: сүт қосылған әлсіз шай мен кофе, итмұрын қайнатпасы, жеміс-жидек шырындары. Тыйым салынады: қою шай және кофе, какао. № 7а емдәмі Қолдану көрсеткіштері: ауыр ағымдағы (жеңіл тамақтан кейін) және орташа ауырлықтағы (аурудың басталуынан бастап) жіті гломерулонефрит; айқын бүйрек жеткіліксіздігі бар созылмалы гломерулонефрит. Нысаналы мақсаты. Бүйрек қызметін барынша қорғау, ақуыз алмасуын жеңілдету, диурездің жоғарылауы және ісінуді жою, ағзадан азотты шлактар мен қышқылданбаған метаболикалық өнімдерді шығаруды жақсарту, қан айналымы үшін қолайлы жағдайлар жасау және артериялық гипертензияны азайту. Жалпы сипаттамасы. Ақуыздар мен қалыпты - майлар мен көмірсулардың күрт шектелуіне байланысты емдәмнің энергетикалық құндылығын төмендету. Емдәм дәрумендермен байытылған. Бос сұйықтық шектеулі. Натрий хлориді және бүйректерді тітіркендіретін, жүрек-тамыр және орталық жүйке жүйесін қоздыратын өнімдер (экстрактивті заттарға, эфир майларына, қымыздық қышқылына бай) алынып тасталады. Энергетикалық құндылығы - 9211 кДж (2200 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 20 г, майлар - до 80 г (20-25% өсімдік), көмірсулар - 350 г, натрий хлориді - 1,5-2 г (тұзсыз нан пайдаланылатын өнімдердегі құраммен шектеледі); бос сұйықтықтың мөлшері алдыңғы тәулікте науқастың несеп көлемінен (200-300 мл) тең немесе сәл артық болуы тиіс. Аспаздық өңдеу. Барлық тағамдар тұзсыз дайындалады; қайнату, көмештеу, жеңіл қуыру қолданылады Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 5-6 рет төсек тартып жату режимін сақтай отырып қабылданады. Емдәм 5-7 күнге тағайындалады. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: тұзсыз нан, тұзсыз ашытқыда құймақ және жұқа құймақтары. Тыйым салынады: күнделікті пісірілетін нан, кондитерлік өнімдер, натрий гидрокарбонаты (сода) қосылған ұн өнімдері. 2. Ет және құс еті. алынып тасталады. 3. Балық. алынып

	тасталады. 4. Жұмыртқа. Сарысы тағамда шектеулі. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: қаймағы алынбаған сүт, кілегей, қатық, қаймақ. Тыйым салынады: сүзбе, ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: сары май, ерітілген май, өсімдік майы. Тыйым салынады: шошқа майы, қойдың майы, сиыр майы, маргарин, аспаздық май. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: жармалар мен макарон өнімдері ассортименті және аспаздық өңдеу әдістері шектеусіз. Тыйым салынады: бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: жаңа піскен, түрлі тағамдар түрінде. Пияз тағам құрамында қайнаған және қуырылған. Ақжелкен, аскөк. Тыйым салынады: ашытылған, тұздалған, маринадталған, асжапырақ, қымыздық, шалғам, шомыр, саңырауқұлақтар. 9. Көжелер. Ұсынылады: жармалы, көкөністі, жемісті көжелер, қаймақ, қуырылған пияз, көк шөп салынады. Тыйым салынады: сүт көже, бұршақ, ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: кез-келген жемістер мен жидектер; шикі, пісірілген, кептірілген, компоттар, кисельдер, дірілдек, қант, бал, тосап, шоколад емес кәмпиттер. Тыйым салынады: сүт кремі, шоколад, балмұздақ. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: сүт және қызанақ тұздықтары, көкөніс және жеміс тұздықтары. Лимон қышқылы, ванилин, даршын. Тыйым салынады: ет, балық және саңырауқұлақ қайнатпаларынан тұздықтар, бұрыш, желкек, қыша. 12. Сусындар. Ұсынылады: әлсіз шай, итмұрын қайнатпасы, жеміс, жидек және қызанақ шырындары. Тыйым салынады: кофе, какао, минералды сулар. Бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастарда бұл емдәмнің нұсқасы ұсынылады, онда жануарлардан алынатын ақуыздың 75% басым болады. № 7а диетасының бұл нұсқасында, жоғарыда айтылғандардан айырмашылығы, күнделікті пісірілген нанның орнына жүгері крахмалы мен бидай кебекгінен ақуызсыз нан қолданылады, ет пен құс еті ұсынылады (майсыз сиыр еті, бұзау, қоян, тауық, күркетауық немесе туралған, алдын-ала қайнатылғаннан кейін қуырылған), балық (майсыз түрлер, кесек немесе туралған, алдын-ала қайнатылғаннан кейін қайнатылған немесе қуырылған), жұмыртқа (күніне бір рет пісіру үшін және ақуыз омлеті түрінде), сүзбе, кәдімгі саго жармаларының орнына дәнді дақылдар мен ісінген амилопектин крахмалынан жасалған арнайы макарондар. № 7в емдәмі Қолдану көрсеткіштері: жіті гломерулонефрит және созылмалы гломерулонефриттің өршуі (№7а диетада болғаннан кейін). Нысаналы мақсаты. Бүйрек қызметін қорғау, қабынуға қарсы әсері, диурездің ұлғаюы, ағзадан азотты шлактар мен қышқылданбаған метаболикалық өнімдерді шығаруды жақсарту, артериялық гипертензияны азайту және қан айналымы үшін қолайлы жағдайлар жасау. Жалпы сипаттамасы. Ақуыздардың қалыпты шектелуі, сұйықтық құрамының айтарлықтай төмендеуі. Натрий хлориді тағамға салынбайды, дәрігердің нұсқауы бойынша науқастың татымына қарай жеке тағамдарды тұздау үшін күніне 2 г. дейін беріледі. Энергетикалық құндылығы -* 11304-12560 кДж (2700-3000 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 40 г, майлар - 80-90 г (20-25 % өсімдік); көмірсулар - 450-500 г, натрий хлориді - 2-3 г

	(өнімдерде); бос сұйықтық - алдыңғы тәуліктегі науқастың зәрінің көлеміне тең немесе одан сәл асатын мөлшерде (200-300 мл). Аспаздық өңдеу № 7а емдәміне ұқсас. Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 5-6 рет қабылданады. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдардың тізімі № 7а диетадан күнделікті қайнатылған ет немесе қайнатылған балық (50 г) және 200 мл сүт немесе айран немесе 1 жұмыртқа немесе 100 г сүзбе қосумен ерекшеленеді. № 7 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: созылмалы гломерулонефрит (процестің тынышталуы кезінде), жіті гломерулонефрит (қалпына келтіру сатысында), жүкті әйелдердің нефропатиясы, аз тұздалған емдәм көрсетілген басқа аурулар. Нысаналы мақсаты. Бүйрек функциясын қалыпты қорғау, қан қысымы мен ісінуді азайту және ағзадан азотты токсиндер мен қышқылдандырылған метаболикалық өнімдерді шығаруды жақсарту. Жалпы сипаттамасы. Ақуыз, натрий хлориді, бос сұйықтық, жүрек-тамыр және орталық жүйке жүйесін қоздыратын бүйректерді тітіркендіретін заттар, ет, сүт және саңырауқұлақ сорпалары, эфир майлары мен қымыздық қышқылына бай тағамдар шектеулі. Энергетикалық құндылығы - 11514-13188 кДж (2750-3150 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 80 г (50% жануарлар), майлар – 90 г (20-25% өсімдік), көмірсулар - 400-500 г (100 г қант); натрий хлориді - 5-7 г (олардың ішінде 3-5 грамм науқастың қолына беріледі, ал қалғаны өнімдерде болады); бос сұйықтық - 0,8-1 л. Аспаздық өңдеу. Тағам қайнатылған және ұсақталған түрінде қолданылады; ет пен балықты алдын-ала қайнатқаннан кейін қуыруға рұқсат етіледі. Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 5 рет қабылданады. Ұсынылады: ақуызға бай тағамдардың (ет, балық, сүзбе, жұмыртқа ақтығы және т.б.) көбеюімен № 7б диетасындағы өнімдер мен тағамдар. Тыйым салынады: № 7А диетасындағы бірдей тағамдар. № 8 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: семіздік (ас қорыту жүйесінің бұзылуы болмаған кезде). Нысаналы мақсаты. Денедегі майлы тіндердің артық жиналуын болдырмау және жою. Жалпы сипаттамасы. Энергия құндылығының төмендеуі, негізінен көмірсулар (әсіресе оңай сіңетін) және аз мөлшерде майлар есебінен. Натрий хлоридін, бос сұйықтықты шектеу. Ақуыздардың (әсіресе жануарлардың есебінен) және талшықтың орташа мөлшері. Экстрактивті заттар мен дәмді дәмдеуіштерді жою. 1 кесте. Семіздікке шалдыққан науқастар үшін азайтылған емдәмдердің химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығы № 8 емдәмнің нұсқасы; 8 (негізгі) Ақуыз, г 100-110, Майлар, г 80-90, Көмірсулар, г 120-150, Энергетикалық құндылығы, кДж (ккал) 6699-7746 (1600-1850). 8а (орташа редукция) Ақуыз, г 70-80, Майлар, г 60-70, Көмірсулар, г 70-80, Энергетикалық құндылығы, кДж (ккал) 4605-5317 (1100-1270). 8о (максималды редукция). Ақуыз, г 40-50, Майлар г 30-40, Көмірсулар, г 50-70, Энергетикалық құндылығы, кДж (ккал) 2638-3517 (630-840). Энергетикалық құндылығы және химиялық құрамы: 8, 8а және 8о (1 кесте) емдәм нұсқасына сәйкес ақуыздардың 60%-ы жануарлар ақуыздары, майлардың 25-30%-ы – өсімдік майы болуы керек. Натрий хлоридіне рұқсат етіледі - 5-8 г дейін (5 г науқастың қолына жеке

	тағамдарды тұздау үшін беріледі, ал қалған мөлшері табиғи өнімдерде болады); бос сұйықтық-1-1,2 л дейін. Аспаздық өңдеу. Тағам қайнатылған, бұқтырылған және көмештелген түрінде дайындалады. Қанттың орнына оны алмастырғыштар қолданылады (ксилит, сорбит және т.б.). Қуырылған, туралған және үгітілген өнімдер шектеледі. Тағам дәмдеуіштер мен тұзсыз дайындалады. Тамақ ішу тәртібі. Күніне 6 рет бөліп-бөліп тамақтану. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: ірі тартылған ұннан бидай наны және қара бидай наны шектеулі мөлшерде, ақуыз-бидай және ақуыз-кебек наны. Тыйым салынады: жоғары сұрыпты бидай ұнынан жасалған өнімдер, майқоспа мен қабаттама қамырдан жасалған өнімдер, печенье. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: алдын-ала қайнатылғаннан кейін қуырылған және бұқтырылған майсыз ет (сиыр еті, бұзау, қоян) және тауықтар. Құйма, сиыр етінен жасалған қысқа шұжық. Тыйым салынады: майлы сорттар, қаз, үйрек, ми, ветчина, шұжықтар, қайнатылған және ысталған шұжықтар, консервілер. 3. Балық.Ұсынылады: қайнатылған, көмештелген, турама салынған және құйылып ұйыған түрдегі майсыз түрлері; теңіз өнімдері («Океан» пастасы, мидиялар және т.б.). Тыйым салынады: майлы түрлер, ысталған, тұздалған, майдағы консервіленген балық, уылдырық. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: қайнатылған және омлет түрінде. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сүт (негізінен ақуызды), майсыз айран және «таллинский», қатық, қаймақ - шектеулі (негізінен тағам құрамында), сүзбе, майсыз және тұздалмаған ірімшік. Тыйым салынады: пісірілген сүт, кілегей, майлы айран, тәтті йогурт, майлы сүзбе, тұздалған және майлы ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: сары май және өсімдік майлары шектеулі. Тыйым салынады: шошқа майы, сиыр мен қойдың майы, аспаздық майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: шектеулі мөлшерде қарақұмық пен арпадан бытырап піскен ботқалар түрінде. Тыйым салынады: басқа жармалар, макарон өнімдері, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: шикі және кез-келген дайындықта (картоп шектеулі). Жуылған түрдегі ашытылған қырыққабат. Тыйым салынады: маринадталған және тұздалған. 9. Көжелер. Ұсынылады: жентектелген ет түйірлері қосылған көкеніс көжесі, борщ, щи, окрошка, қызылша сорпасы. Тыйым салынады: картоп көжесі, макарондармен, жармалармен көжелер, бұршақ, сүт көжелері. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: тәтті және қышқыл жемістер мен жидектер, дірілдек, желатиндегі мусс, компоттар, қанттың орнына ксилит немесе сорбит қолданған самбуктар. Тыйым салынады: қарбыз, жүзім, мейіз, інжір, құрма, кәмпит, бал, тосап, қант, балмұздақ, кисельдер. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: қызанақ, ақ, әлсіз саңырауқұлақ тұздықтары, сірке суы. Тыйым салынады: ащы және майлы тұздықтар, майонез, барлық дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: шай, әлсіз кофе, қантсыз сүт қосылған кофе. Жидек, жеміс, көкөніс шырындары. Тыйым салынады: тәтті шырындар, какао, тәтті квас, қанттағы лимонад. № 9 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: Қант диабеті кезінде

	сынақ емдәмі ретінде, емдік мақсатта - қалыпты немесе сәл артық дене салмағы бар, инсулинге мұқтаж емес немесе жеңіл және орташа ауырлықтағы қант диабеті кезінде оны аз мөлшерде (20-30 Б дейін) алатын науқастарға тағайындалады. Емдәмді аллергиялық жағдайлар мен аурулар үшін қолдануға болады (ревматизм, инфекциялық емес полиартрит, бронх демікпесі, Квинке ісінуі, есекжем және т.б.). Нысаналы мақсаты. Қант диабетімен ауыратын науқастың инсулиннің және басқа да глюкозаны төмендететін препараттардың жеке дозасын таңдау үшін дозаланған тағамдық жүктемеге төзімділігін анықтау, көмірсулар алмасуын, ішінара май, су-тұз және ақуыз алмасуын қалыпқа келтіру, ағзаның десенсибилизациясы үшін жағдай жасау. Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылықтың қалыпты шектелуі негізінен көмірсулардың (әсіресе оңай сіңетін) және ақуыздардың қалыпты мөлшерімен аз майлардың әсерінен болады. Холестеринді және экстрактивті заттарды шектеу. Липотропты заттар мен дәрумендердің құрамын арттыру. Энергетикалық құндылығы - 9630 кДж (2300 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 100 г (60 % жануарлар), майлар - 80 г (25-30 % өсімдік), көмірсулар - 300 г, натрий хлориді - 12 г, бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Кәдімгі. Тәтті тағамдар мен сусындар өндірісінде қант алмастырғыштар қолданылады Тамақ ішу тәртібі. Тамақ көмірсулардың дәл таралуымен күніне 5-6 рет тұтынылады (емдәмді сынақ ретінде қолданған кезде көмірсулар тамақ арасында біркелкі бөлінеді, инсулинді қолданғанда - оның дозасы мен қабылдау уақытын ескере отырып). Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: қара бидай, ақуыз-бидай, ақуыз-кебек, 2-ші сұрыпты бидай қалыпты көмірсулар шегінде. Тыйым салынады: майқоспа және тәтті ұн өнімдері. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: майсыз сиыр еті, бұзау, қой еті, кесілген және етті шошқа еті, қоян, туралған және кесілген тауық еті, қайнатылған, бұқтырылған және қайнатылғаннан кейін қуырылған, сиыр етінен сілікпе, құймалы тауық еті. Майсыз ветчина, докторлық, диабеттік, сиыр етінен шұжықтар шұжықша. Тыйым салынады: майлы сорттар, қаз, үйрек, майлы ветчина, ысталған шұжықтар, консервілер. 3. Балық.Ұсынылады: қайнатылған, көмештелген және кейде қуырылған майсыз балық; құйылып ұйыған балық. Малынған майшабақ шектеулі; қызанақ соусындағы немесе өз шырынындағы консервілер. Тыйым салынады: майлы және тұзды түрлері, уылдырық. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: 2 данаға дейін қайнатылған және қуырылған. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сүт, қатық, айран, майсыз немесе жартылай майлы сүзбе, тұздалмаған және майсыз ірімшік, қаймақ шектеулі. Тыйым салынады: тәтті сүзбе, кілегей. 6. Майлар. Ұсынылады: сары май және өсімдік майлары. Тыйым салынады: жануарлар майы және аспаздық майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: арпа, қарақұмық, арпа жармасы, тары, сұлы жармасы, бұршақ қосылған ботқалар, көмірсулардың мөлшерін ескере отырып шектеулі. Тыйым салынады: ұнтақ жарма, күріш, макарон өнімдері. 8. Көкөністер. Ұсынылады: қырыққабат, салат, асқабақ,

	кәді, қияр, қызанақ, баялды. Көмірсулардың мөлшерін ескере отырып, картоп, сәбіз, қызылша, жасыл бұршақ. Тыйым салынады: маринадталған және тұздалған. 9. Көжелер. Ұсынылады: әлсіз майсыз ет, балық, саңырауқұлақ сорпасында көжелер, картоп, көкөністер, жентектелген ет түйірлері қосылған көжелер, рұқсат етілген жарма; борщ, щи, қызылша сорпасы, окрошка (ет және көкөніс). Тыйым салынады: майлы сорпалар, жарма мен кеспесі бар сүт көже, бұршақ дақылдарынан. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: кез-келген түрдегі тәтті және қышқыл жемістер мен жидектер. Компоттар, мусстар, дірілдек, кәмпиттер (сорбитол, ксилит, сахариндегі жаңғақ печеньесі). Тыйым салынады: жүзім, мейіз, құрма, інжір, банан, қант, бал, джем, кәмпиттер, балмұздақ. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: көкөніс сорпасындағы тұздықтар, әлсіз және майсыз ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары, желкек, бұрыш, қыша (шектеулі). Тыйым салынады: ащы, тұзды және майлы тұздықтар. 12. Сусындар. Ұсынылады: Шай, кофе, қантсыз сүт қосылған какао, итмұрын қайнатпасы, жаңа піскен жемістер мен жидектер шырындары, қызанақ шырыны. Тыйым салынады: Тәтті жеміс-жидек шырындары (жүзім және басқалары), тәтті квас, қанттағы лимонадтар. № 9а емдәмі Қолдану көрсеткіштері: артық дене салмағы (семіздіктің II және III дәрежесі) кезінде инсулинді қолданбай жеңіл түрдегі қант диабеті (ауырлығы орташа). Нысаналы мақсаты. Көмірсулар, майлар, су-тұз және ақуыз алмасуының бұзылуын теңестіру. Жалпы сипаттамасы. № 9 емдәмге ұқсас тек айырмашылығы бар, ол көмірсулар мен майлардың арқасында энергия құндылығын едәуір шектейді. Энергетикалық құндылығы - 6908 кДж (1650 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 100 г (60 % жануарлар), майлар- 50 г (25-30 % өсімдік), көмірсулар 200 г, натрий хлориді - до 12 г; бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу, тамақ ішу тәртібі, пайдалануға рұқсат етілген және шектеулі өнімдердің тізімі № 9 емдәмге ұқсас. № 9б емдәмі Қолдану көрсеткіштері: инсулин терапиясы жағдайында және кеңейтілген қозғалтқыш режимінде қант диабеті (орташа және ауыр). Нысаналы мақсаты. № 9а емдәмімен бірдей. Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылығы, ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералдар мен дәрумендердің құрамы бойынша толық емдәм. Энергетикалық құндылығы - 11723-13398 кДж (2800-3200 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 120 г (60 % жануарлар), майлар - 80-100 г (25-30 % өсімдік); көмірсулар - 400-450 г, натрий хлориді - 15 г. дейін; бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу және тамақ ішу тәртібі № 15 диетаға ұқсас. По набору пищевых продуктов диета № 9б также напоминает диету № 15 с той лишь разницей, что в ней ограничено количество легкоусвояемых углеводов (сахар, мед, варенье и др.). Разрешается употребление сахара до 30 г в сутки. Азық-түлік жиынтығы бойынша № 9б емдәмі № 15 емдәмге ұқсайды, тек айырмашылығы – оңай сіңетін көмірсулардың (қант, бал, тосап және т.б.) мөлшері шектеулі. Күніне 30 г. дейін қант қолдануға рұқсат етіледі. № 10 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: компенсация сатысындағы немесе айқын

	білінбеген қанайналым жеткіліксіздігі кезіндегі жүрек аурулары (I-ПА сатысында), I-II сатыдағы гипертониялық ауру, бүйректің азот бөлу функциясының бұзылуынсыз созылмалы гломерулонефрит және пиелонефрит. Нысаналы мақсаты. Ас қорыту органдары мен бүйректерді бір мезгілде қалыпты қорғау кезінде жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін жеңілдету; диурезді ұлғайту және тәулік аралық алмасуды жеңілдету Жалпы сипаттамасы. Натрий хлориді мен сұйықтықты, өсімдік талшықтарын және холестеринге бай, ішектердің кебуіне ықпал ететін өнімдерді; жүрек-тамыр және жүйке жүйесін қоздыратын, бауыр мен бүйректерді тітіркендіретін заттарды (экстрактивті және т.б.) едәуір шектеу; емдәмді калий, кальций тұздарымен, липотропты заттармен (лецитин, метионин) байыту; ағзаға дәрумендердің жеткілікті мөлшерде түсуін қамтамасыз ету. Энергетикалық құндылығы - 9839-10886 кДж (2350-2600 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 80-90 г (60 % жануарлар), майлар - 70 г (30 % өсімдік), көмірсулар - 350-400 г, натрий хлориді - 5-7 г (олардың 3-5-і науқасқа жеке тағамдарды татымына қарай тұздау үшін беріледі; қалған мөлшері табиғи өнімдерде кездеседі); бос сұйықтық - 1,2 л. Аспаздық өңдеу орташа механикалық қорғаумен; барлық тағамдар тұзсыз дайындалады Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 5 рет қабылданады. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: кешегі пісірілген қара бидай мен бидай нандары, печенье мен бисквит. Тыйым салынады: жаңа піскен нан, майқоспа мен қабаттама қамырдан жасалған өнімдер, жұқа құймақ. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: аз майлы сорттар (сиыр еті, бұзау, шошқа еті, тауық еті, күркетауық, қоян) кейіннен көмештеп немесе қуырып қайнатылған күйінде, кесекпен немесе туралған. Тыйым салынады: майлы сорттар, үйрек, қаз, шұжық, ысталған ет, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: кейіннен қуырып қайнатылған күйінде, туралған немесе кесілген майсыз. Тыйым салынады: майлы түрлер (бекіре, ақсерке, кета және т.б.), ысталған, тұздалған, балық уылдырығы, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: күніне бір жұмыртқа, аспаздық өңдеу шектеусіз 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: қаймағы алынбаған сүт (егер іштің кебуін тудырмаса), кілегей, сүт қышқылды сусындар, қаймақ, сүзбе, аз тұздалған ірімшік. Тыйым салынады: тұзды ірімшіктер. 6. Майлар. Ұсынылады: тұздалмаған сары май және өсімдік майлары. Тыйым салынады: жануар майлары және аспаздық майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: суда немесе сүтте дайындалған кез-келген жарма мен макарон өнімдері (ботқалар, пудингтер, котлеттер және т.б.). Тыйым салынады: бұршақ дақылдары (асбұршақ, үрмебұршақ). 8. Көкөністер. Ұсынылады: қайнатылған және көмештелген картоп, қызылша, сәбіз, ақбас қырыққабат және гүлді қырыққабат. Қияр, қызанақ, сәбіз, салат жапырақтары, жасыл пияз, аскөк, ақжелкен шикі түрінде. Тыйым салынады: ашытылған, тұздалған, маринадталған, шомыр, шалғам, асжапырақ, қымыздық, саңырауқұлақтар. 9. Көжелер. Ұсынылады: картоп, көкөністер, жарма, сүт, жеміс-жидек қосылған вегетариандық

	көжелер. Тыйым салынады: ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары; бұршақпен. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: жұмсақ жидектер мен шикі жемістер, компоттар, кисельдер, дірілдек, мусстар, самбуктар, сүт кремдері, тосап, бал, шоколад емес кәмпиттер, зефир, жеміс қағынан жасалған кәмпит. Тыйым салынады: ірі талшықты жемістер, ірі дәндері бар жидектер, шоколад, тәтті нандар. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: көкөніс сорпасында, қаймақ, сүт, қызанақ тұздықтары: жеміс қатықтары; ванилин, даршын, қалампыр. Тыйым салынады: ет, балық және саңырауқұлақ қайнатпаларында, бұрыш, желкек, қыша. 12. Сусындар. Ұсынылады: әлсіз шай, кофе-суррогат, көкөніс және жеміс шырындары (жүзім - шектеулі), итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: қою шай, табиғи кофе, какао, газдалған сусындар. № 10а емдәмі Қолдану көрсеткіштері: қан айналымының айқын білінетін жеткіліксіздігі бар жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары (ЦБ-III сатысы). Нысаналы мақсаты. Жүрек-қантамыр жүйесінің қызметін жеңілдету, ас қорыту органдары мен бүйрек қызметін бір мезгілде айтарлықтай қорғау; диурезді ұлғайту және тәулік аралық алмасуды жеңілдету. Жалпы сипаттамасы. Ақуыздар (әсіресе өсімдік), майлар (негізінен баяу еритін) және көмірсулар арқылы энергия құндылығын төмендету. Тұз бен бос сұйықтықтың, өсімдік талшықтарының, холестеринге бай ішектегі кебуін ықпал ететін өнімдердің күрт шектелуі; жүрек-тамыр және жүйке жүйесін қоздыратын, бауыр мен бүйректерді тітіркендіретін заттар.Емдәмді калий, кальций тұздарымен, липотропты заттармен (лецитин, метионин) байыту. Ағзаға дәрумендердің жеткілікті түсуін қамтамасыз ету. Энергетикалық құндылығы - 7746-7955 кДж (1850-1900 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 50-60 г (65% жануарлар), майлар- 50 г (30% өсімдік), көмірсулар - 300 г (60-80% қант); натрий хлориді - 1-2 г; бос сұйықтық - 0,6 л. Аспаздық өңдеу. Барлық тағамдар тұзсыз дайындалады. Қуыруға рұқсат етілмейді. Тағам қайнатылған және үгітілген түрінде қолданылады. Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 6 рет қабылданады. Емдәм екі аптадан аспайды. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: бидай наны және тұзсыз пісірілген печенье. Тыйым салынады: пісірілген кәдімгі нан мен печенье. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: қайнатылған, тартылған және езілген түрінде немесе кесек түрінде (нәзік жас ет) сиыр етінің, бұзаудың, күркетауықтың, тауықтың, қоянның майсыз сорттары. Тыйым салынады: майлы және шандырлы қой, қаз, үйрек еттері, шұжық, ысталған ет, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз, қайнатылған, кесек немесе туралған, қайнатылғаннан кейін құйылып ұйыған балық. Тыйым салынады: майлы түрлері, ысталған, тұздалған, уылдырық, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: күніне 2-ге дейін шала піскен, буға піскен омлеті түрінде және тағамдар құрамында. Тыйым салынады: шикі, қуырылған, қатты пісірілген. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: қаймағы алынбаған сүт (егер іштің кебуін тудырмаса), қатық, айран, тамақ құрамындағы қаймақ, кілегей шектеулі, жаңа езілген сүзбе.

	Тыйым салынады: ірімшік. 6. Майлар.. Ұсынылады: тұздалмаған сары май және тазартылған өсімдік майлары. Тыйым салынады: жануар майлары және аспаздық майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: ботқалар, пудингтер, ұнтақ жармадан, езілген сұлыдан, күріштен және қарақұмық жармасынан суфле; қайнатылған вермишель. Тыйым салынады: арпа, тары, макарон өнімдері, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: пісірілген, қайнатылған, езбе түрінде картоп (шектеулі). Қызылша, сәбіз; езбе түрінде қайнатылған гүлді қырыққабат. Бұқтырылған кәді мен асқабақ. Көкөніс суфлесі. Жаңа піскен қызанақ. Тыйым салынады: басқа көкөністер, ашытылған, тұздалған, маринадталған. 9. Көжелер (1/2 табаққа дейін). Ұсынылады: үгітілген және ұсақ туралған көкөністерден (картоп, сәбіз, қызылша), жармадан (ұнтақ жарма, езілген сұлы, күріш), жемістерден көжелер. Тыйым салынады: ет, балық, саңырауқұлақ сорпалары, щи, борщ, сүт көже, суық көже, қышқылтым көже. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: жұмсақ жемістер мен жидектер шикі түрінде. Пісірілген алма. Шыланған кептірілген өрік және қара өрік. Компот,кисель, мусс, дірілдек, қант, бал, тосап, зефир, мармелад. Тыйым салынады: ірі талшықты жидектер мен жемістер, жүзім, мейіз, шоколад, крем өнімдері. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: ақ тұздық, тәтті және қышқыл көкөністер мен жемістер. Тыйым салынады: ет, балық және саңырауқұлақ қайнатпаларында тұздықтар, дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: әлсіз шай, суррогат кофе, көкөніс және жеміс шырындары, итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: қою шай, табиғи кофе, какао, жүзім шырыны, газдалған сусындар, натрийге бай минералды сулар. № 10и емдәмі Қолдану көрсеткіштері: миокард инфарктісі. Нысаналы мақсаты. Миокардтағы репаративті процестерді жеделдетуге және жүректің функционалды қабілетін қалпына келтіруге ықпал ету; жүрек-тамыр жүйесіне жүктемені азайту, атеросклероздың, тромбоэмболиялық асқынулардың алдын алу, салмақтың шамадан тыс өсуі, ішектің қозғалыс функциясын қалыпқа келтіру. Жалпы сипаттамасы. Тағамның энергетикалық құндылығын төмендету, оны біртіндеп жоғарылату, тұз, сұйықтық, жануарлар майлары, холестерин, азотты экстрактивті заттарды шектеу. Аскорбин қышқылымен, липотропты заттармен, калий тұздарымен байыту. Ішектердегі кебуді ықпал ететін өнімдерді жою. Емдәм әртүрлі энергетикалық құндылығы мен химиялық құрамы бар үш емдәмнен тұрады: I рационы сипаттамаса Энергетикалық құндылығы, кДж (ккал) 4815-5694 (1150-1360), Ақуыздар, г1 50, Майлар, г1 30-40, Көмірсулар, г 170-200, Тұз, г 1,5-2 (өнімдерде), Бос сұйықтық, л 0,8. II рацион сипаттамасы Энергетикалық құндылығы, кДж (ккал) 7118-7997 (1700-1910), Ақуыздар, г1 60-70, Майлар, г1 60-70, Көмірсулар, г 230-250, Тұз, г 1,5-2 (өнімдерде) + қолға 3, Бос сұйықтық, л 1. III рацион Энергетикалық құндылығы, кДж (ккал) 9546-10383 (2280-2480), Ақуыздар, г1 90, Майлар, г1 80, Көмірсулар, г 300-350, Тұз, г 1,5-2 (өнімдерде) + қолға 5, Бос сұйықтық, л I 1Жануарлардың ақуыздары 65 %. • Өсімдік майлары

	35-40 %. Аспаздық өңдеу. Қуырылған тағам алынып тасталады. Барлық тағамдар тұзсыз дайындалады; I емдәмде үгітілген түрінде, II және III-де – үгілмеген. Тамақ ішу тәртібі. I рационы - инфарктың жіті кезеңінде (алғашқы 7-8 күн) күніне 6 рет тамақтану арқылы тағайындалады; II рационы - жеделдету кезеңінде (2-3 апта) күніне 5 рет тамақтанумен қолданылады; III рационы - тыртықтану кезеңінде күніне 5 рет тамақтанумен (4-ші аптадан бастап) қолданылады. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар I рационы. 1. Нан және ұн өнімдері.Ұсынылады: бидай наны кепкен нан түрінде. Тыйым салынады: қара бидай наны, майқоспа мен қабаттама қамырдан жасалған өнімдер, бәліштер, жұқа құймақ, құймақ, торттар, тәтті нандар. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: қайнатылған және үгітілген майсыз сиыр, бұзау, тауық еттері. Тыйым салынады: майлы сорттар, қаз, үйрек, ми, бауыр, бүйрек, қуырылған, кесек түрінде, ысталған ет, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз түрлері (көксерке, нәлім және т.б.), қайнатылған және езілген (суфле). Тыйым салынады: майлы түрлері, кесекпен, қуырылған, ысталған, тұздалған, уылдырық, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: буда піскен ақуыз омлеті. Тыйым салынады: қуырылған, қатты пісірілген. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сұйылтылған сүт (шектеулі), сүт қышқылды сусындар, езілген майсыз сүзбе, қаймақ (шектеулі) тағам құрамында. Тыйым салынады: майлы кілегей, сүзбе, ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: сары май және өсімдік (негізінен тазартылмаған) майлары. Тыйым салынады: жануар майлары және аспаздық майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: қарақұмық, сұлы, ұнтақ жарма, күріш жармасынан езілген ботқалар. Тыйым салынады: макарон өнімдері, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: жаңа піскен үгітілген сәбіз (езбе түрінде), гүлді қырыққабат және езбе түрінде қайнатылған қызылша. Тыйым салынады: басқа көкөністер, ашытылған, тұздалған, маринадталған. 9. Көжелер. Ұсынылады: көкөніс сорпасында жұмыртқа қауызы бар езілген көкөністі көжесі. Тыйым салынады: жарма, бұршақ қосылған ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары, қышқылтым көжесі, борщ, щи. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: езбе түріндегі жаңа піскен жемістер, көмештелген, үгітілген компоттары, қант. Тыйым салынады: ірі талшықты жидектер мен жемістер, жүзім, шоколад, крем өнімдері. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: көкөніс қайнатпасында сүт тұздығы, тәтті, жидек және жеміс қатықтары. Тыйым салынады: ет, балық және саңырауқұлақ қайнатпаларында, дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: әлсіз шай, суррогат кофе, көкөніс және жеміс шырындары, итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: қою шай, табиғи кофе, какао, жүзім шырыны, газдалған сусындар. II рационы. 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: кешегі пісірілген бидай наны, қара бидай, ақуыз-кебекті наны, «Здоровье». Тыйым салынады: майқоспа мен қабаттама қамырдан жасалған өнімдер, бәліштер, жұқа құймақ, құймақ, торттар, тәтті нандар. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: қайнатылған, тартылған, кесекпен.майсыз сиыр еті,

	бұзау, тауық еті. Тыйым салынады: майлы сорттар, қаз, үйрек, ми, бауыр, бүйрек, қуырылған, ысталған ет, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз түрлері (көксерке, нәлім және т.б.), қайнатылған, кесекпен, малынған майшабақ (аптасына 1-2 рет Тыйым салынады: майлы түрлері, қуырылған, тұздалған, ысталған, уылдырық, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: буда піскен ақуыз омлеті. Тыйым салынады: қуырылған, қатты пісірілген. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сұйылтылған және тағамға арналған сүт, сүт қышқылды сусындар, майсыз сүзбе, тағам құрамындағы қаймақ, ащы емес үгітілген ірімшік. Тыйым салынады: майлы кілегей мен сүзбе, тұзды және ащы ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: сары май және өсімдік майлары. Тыйым салынады: жануар майлары және аспаздық майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: қарақұмық, сұлы, ұнтақ жарма, күріштен ботқалар, қайнатылған кеспе. Тыйым салынады: макарондар, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: қайнатылған қызылша, сәбіз, гүлді қырыққабат. Жаңа піскен, үгітілген сәбіз. Салат түріндегі жаңа піскен қияр, қызанақ. Езбе түрінде қайнатылған картоп. Тыйым салынады: саңырауқұлақтар, шалқан, тарна, асжапырақ, қымыздық. 9. Көжелер. Ұсынылады: көкөніс пен жармадан, үгітілмеген вегетариандық көжелер, сүт көже. Тыйым салынады: ет, балық және саңырауқұлақ сорпалары. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер.Ұсынылады: шикі түрінде, езбе түрінде көмештелген жидектер мен жемістер, кептірілген жемістер. Компот, кисель, қант. Тыйым салынады: жүзім, мейіз, шоколад, крем өнімдері, балмұздақ (кілегейлі, пломбир). 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: сүт, көкөніс сорпасындағы тұздықтар, тәтті, жеміс-жидек қатығы. Тыйым салынады: ет, балық және саңырауқұлақ қайнатпасында тұздықтар, дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: әлсіз шай, суррогат кофе, көкөніс және жеміс шырындары, итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: қою шай, табиғи кофе, какао, жүзім шырыны, газдалған сусындар. III рационы бойынша ұсынылатын және алынып тасталатын өнімдер мен тағамдар жиынтығы № 10с емдеміне сәйкес келеді. № 11 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: асқыну бәсеңдеген кездегі өкпе, сүйек, лимфа түйіндерінің туберкулезі; инфекциялық аурулардан, жарақаттардан және оталардан кейін реконвалесценция кезеңінде организмнің жалпы қоректенуі мен реактивтілігінің төмендеуі; анемия (майдың шектелуімен). Бұл жағдайларда ас қорыту жүйесінің аурулары болмаған кезде қолданылады. Нысаналы мақсаты. Жалпы тамақтану мен ағзаның реактивтілігін, созылмалы инфекцияларға төзімділікті арттыру. Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылықтың жоғарылауы, жануарлардан алынатын ақуыздардың, дәрумендердің, минералдардың (темір, кальций, фосфор және т.б.) көбеюі. Энергетикалық құндылығы - 13398-15282 кДж (3200-3650 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 120-140 г (60 % жануарлар), майлар - 100-120 г (20-25 % өсімдік), көмірсулар - 450-500 г, натрий хлориді - 12-15 г, бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Шектеусіз алуан түрлі. Тамақ ішу тәртібі. Күніне 5 рет тамақтану. Ұсынылатын және

	тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: бидай және қара бидай наны. Бәліштер, майқоспа тоқаштар, бисквит, печенье. Тыйым салынады: майлы торттар, кілегейлі тәтті нандар 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: аспаздық өңдеуде шектеусіз әртүрлі түрлері, бауыр, шұжықтар, ветчина, шұжықша. Тыйым салынады: тым майлы сорттары. 3. Балық. Ұсынылады: кез-келген аспаздық өңдеудегі әртүрлі түрлері, майшабақ, балық, уылдырық, консервілер (шектеулі). 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: кез-келген аспаздық өңдеуде. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: толық ассортиментте; әсіресе қолайлы сүзбе мен ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: табиғи түрдегі сары май және өсімдік майлары; тағам дайындау үшін ерітілген май. Тыйым салынады: жануар майлары (сиыр, қой); артық мөлшерде. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: ассортимент пен дайындау әдістері шектеусіз. Қарақұмық пен сұлыға артықшылық беріледі. 8. Көкөністер. Ұсынылады: жаңа піскен, шикі түрінде және кез-келген аспаздық өңдеуде; тағамға көк шөп. 9. Көжелер. Ұсынылады: кез келген. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: кез келген. Міндетті түрде шикі жидектер мен жемістер. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: сорпаларда жұмыртқа, қызанақ және басқа тұздықтар. Орташа мөлшердегі дәмдеуіштер. Тыйым салынады: майлы және ащы. 12. Сусындар. Ұсынылады: Шай, кофе, какао. Міндетті түрде жаңа піскен көкөністер мен жемістердің шырындары. Итмұрын қайнатпасы. № 12 емдәмі жүйке жүйесінің аурулары үшін қолданылды. Химиялық құрамы бойынша ол № 15 диетаға жақындайды. Қазіргі уақытта ол іс жүзінде қолданылмайды, өйткені жүйке жүйесі ауруының сипатына және дененің басқа жүйелеріндегі қатар жүретін бұзылуларға байланысты № 5, 10, 15 емдәмдердің әртүрлі нұсқалары қолданылады. № 13 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: жіті жұқпалы аурулар; тонзиллит; жұмсақ тіндерге, сүйектерге, қалқанша безге және т.б. оталардан кейін. Нысаналы мақсаты. Ағзадан уыттардың шығарылуын күшейту және оның қорғаныс күштерін арттыру; жедел қызба жағдайларында немесе отадан кейінгі кезеңде төсек тартып жату режимін сақтай отырып, ас қорыту органдарын қорғау. Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылығын, тағам арнасын тітіркендіретін және ішектердегі ашыту процестеріне ықпал ететін өнімдерді шектеу; витаминдер мен сұйықтықтың құрамын арттыру; тұз қалыпты мөлшерде. Энергетикалық құндылығы - 9002-9337 кДж (2150-2230 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 80 г (60-70 % жануарлар, негізінен сүт), майлар - 70 г (15 % өсімдік), көмірсулар - до 300-320 г, натрий хлориді - 8-10 г, бос сұйықтық - 2 л және одан көп. Аспаздық өңдеу. Тамақты қайнату арқылы дайындайды (суда немесе буда); езбе немесе жартылай сұйық түрінде қолданылады. Тамақ ішу тәртібі. Тамақты бөліп-бөліп күніне 6 рет ыстық күйінде (60 °С-тан төмен емес) қабылдау. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: кешегі немесе кептірілген бидай наны, майқоспасыз кепкен нан, құрғақ печенье, бисквит. Тыйым салынады: қара бидай наны, жаңа

	піскен нан, жұқа құймақ, майқоспа қамырынан жасалған өнімдер. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: ұсақ кесілген түрдегі майсыз сорттардан жасалған тағамдар – буға піскен сиыр еті мен тауық еті, қайнатылған бұзау еті, қоян, балапан еті. Үгітілген еттен құйма. Тағамдарды дайындау процесінде сіңірлер, шеміршектер, құстар терісі алынып тасталады. Тыйым салынады: майлы сорттар (қаз, үйрек, қой, шошқа еті), ветчина, шұжықтар, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз кесекпен немесе туралған түрде қайнатылған, буға піскен, құйылып ұйытылған. Тыйым салынады: майлы түрлері, ысталған, тұздалған, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: шала піскен, буға піскен омлеті. Тыйым салынады: қатты пісірілген және қуырылған. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: қатық, ацидофил, айран, үгітілген шикі және көмештелген түрде қышқыл емес сүзбе, майсыз қаймақ пен тағам құрамындағы сүт, үгітілген ашы емес ірімшік. Алынып тасталды: қаймағы алынбаған сүт, майлы қаймақ, ашы ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: табиғи түрдегі және тағам құрамындағы сары май, тазартылған өсімдік майы - шектеулі (10-15 г дейін). Тыйым салынады: басқа майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: сүт қосылған судағы ботқалар, ұнтақ жарма, күріш, ұнтақталған қарақұмық және сұлыдан пудингтер. Тыйым салынады: арпа, тары, макарондар, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: қайнатылған езбе түрінде картоп, қызылша, кәді, асқабақ, сәбіз, гүлді қырыққабат. Кәді мен асқабақты кесектеп бұқтыруға болады. Жаңа піскен қызанақ. Тыйым салынады: басқа көкөністер (ақбас қырыққабат, шалғам, шомыр, шалқан, тарна, қияр, саңырауқұлақтар және т.б.). 9. Көжелер. Ұсынылады: әлсіз ет және балық сорпалары, рұқсат етілген езілген көкөністер мен жармалардан (ұнтақ жарма, күріш, сұлы) көкеніс қайнатпалары, вермишель, кеспе, қосылған сүт көже (көтере алғанда). Тыйым салынады: күшті және майлы сорпалар, борщ, щи, окрошка. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: езілген түрде піскен жұмсақ жемістер мен жидектер, пісірілген алма, езілген компоттар, кисельдер, дірілдек, мусстар, самбуктер, кремдер; қант, бал, тосап, мармелад, пастила. Тыйым салынады: ірі талшықты жемістер мен жидектер, шоколад, тәтті нандар. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: ет және балық сорпасында, көкөніс қайнатпасында тұздықтар, қаймақты қатық. Тұздыққа арналған ұн кептіріледі. Лавр жапырағы, ванилин. Тыйым салынады: ащы және майлы тұздықтар; басқа да дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: Шай, кофе, сүт қосылған судағы какао (көтере алғанда), жеміс-көкөніс шырындары, итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: жүзім және қырыққабат шырындары. № 15 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: реконвалесценттер және арнайы емдік диетаны тағайындауға көрсеткіштері жоқ науқастар (тағам арнасының қалыпты жағдайында). Нысаналы мақсаты. Стационар жағдайында толыққанды әр түрлі ұтымды тамақтануды қамтамасыз ету. Жалпы сипаттамасы. Физикалық жұмыс жасамайтын адамға арналған физиологиялық толық және әртүрлі емдәм. Дәрумендердің мөлшері көбейді. Кейбір қиын

	сіңетін және ащы тағамдар алынып тасталады. Энергетикалық құндылығы - 11095-12979 кДж (2650-3100 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар 80-100 г (55-60 % жануарлар), майлар - 80-100 г (20-25 % өсімдік), көмірсулар - 400-450 г (сахар 70-100 г); натрий хлориді - 12-15 г, бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Шектеусіз алуан түрлі. Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 4-5 рет қабылданады. Рұқсат етіледі: негізгі тағамдық ингредиенттердің дұрыс қатынасын және дәрумендердің ағзаға түсуін арттыратын әртүрлі өнімдер. Емдәмге көкөністер, жемістер, жидектер мен олардың шырындарын, итмұрын қайнатпасын, кебектен қайнатпа, сүт, сүт қышқылды өнімдері, сары май және өсімдік майлары, қара бидай наны және т. б. қосу ұсынылады. Тыйым салынады: сіңірілмейтін майлы тамақ өнімдері (шошқа еті, сиыр еті, қой еті, қаз, үйрек, сиырдың, шошқаның, қойдың майлары және аспаздық майлар). Шектеу: қыша және бұрыш.

Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	Емделушілер үшін емдік-диеталық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі техникалық сипаттама «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамы емделушілерінің емдік-диеталық тамақтануын ұйымдастыру қызметі. Қызмет Алматы қаласы, Достық даңғылы 125 мекенжайы бойынша орналасқан Тапсырыс берушінің ас әзірлейтін бөлікте көрсетілуі тиіс. Сатып алынатын қызметтердің көлемі мен мерзімі 0,1,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,15,16 емдәмдері бойынша пациенттердің емдік-диеталық тамақтануын ұйымдастыру келісімшартқа қол қойған күннен бастап 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін. Құнын есептеу төсек-күндердің берілуін ескере отырып, факт бойынша жүргізіледі. Қызметтер көрсету барысында Өнім беруші қызметтердің мақсатын іске асыру үшін қажетті мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға тиіс, қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей: 1) «Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы №128 Қаулысымен бекітілген тамақтану нормаларына сәйкес жоғары сапалы емдік - диеталық тамақтануды ұйымдастыру; 2) емдік тамақтануды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету; 3) тағам дайындау технологиясының сақталуын бақылау; 4) емделіп жатқан пациенттерді бес реттік тамақпен қамтамасыз ету; 5) барлық санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерді, оның ішінде тағамдарды беру температурасын сақтай отырып, қоса берілген мәзірге сәйкес науқастарға ұйғарылған тағамдардың химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығының дәл сақталуын қамтамасыз ету. Емделушілер үшін емдік-диеталық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер мынадай сипаттамаларға сәйкес келуге тиіс: 1. Қызметтер денсаулық сақтау ұйымдарында емдік-диеталық тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын барлық белгіленген санитариялық-гигиеналық нормалар мен қағидалар, талаптар сақтала отырып көрсетілуге тиіс. Емдік-диеталық тамақтану нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылуы тиіс: - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарындағы тамақтану стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы; - 07.07.2020 ж. №360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі; - «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 21.07.2007 ж. № 301-V-III ҚР Заңы; - «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі № 301 Қазақстан Республикасының Заңы; - «Мемлекеттік мүлік туралы» 01.03.2011 жылғы № 413-IV ҚР Заңы; - «Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы № 128 Қаулысы; - «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ

	-96/2020 бұйрығы; - «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы; - «Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-196/2020 бұйрығы; - «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы; - «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 62 бұйрығы; - «Дезинфекция, дератизация және дезинсекцияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығы. - «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы; - емдік-диеталық тамақтану саласындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері. 2. Емдік-диеталық тағам дайындау үшін қолданылатын тамақ өнімдерінің сапасы қауіпсіздік талаптарына сай келуі және тамақ өнімінің әрбір түріне мемлекеттік стандартқа сәйкес келуі, сәйкестік сертификаты не ветеринариялық қорытындысы болуы тиіс. 3. Ыстық тамақ дайын тағамның химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығын сақтай отырып, диеталар бойынша жеткізілуі тиіс. 4. Өнім берушінің ас әзірлеу бөлігі қызметкерлерінің тиісті біліктілігі, дайындығы және жұмыс тәжірибесі бар болуы керек. 5. Емдік-диеталық тамақтануды қамтамасыз ету үшін азық-түліктің заттай нормаларын «Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы №128 қаулысына сәйкес есептеу қажет. 6. Тапсырыс беруші Өнім берушіге «Алматы қаласы бойынша активтер және Мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-мен жасалған жалдау шарты және қабылдау-беру актісі негізінде құрал-жабдықтармен бірге ас әзірлеу бөлігінің

	үй-жайын жалға пайдалануға береді, ал Өнім беруші өзіне сеніп тапсырылған мүліктің сақталуы үшін жауапкершілікті қабылдайды және оны өз есебінен ұстауға міндеттенеді. Берілген мүлікті үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ Өнім беруші «Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамында емдік-диеталық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты орындау мақсатынан басқа өзге мақсаттарда пайдалануға болмайды. Жалға алушы санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың, өрт, электр және экологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуына, жалға берілетін үй-жайларда инженерлік желілердің, техникалық құралдар мен жабдықтардың дұрыс пайдаланылуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсетілген талаптардың тиісінше орындалмауының салдары үшін толық жауапты болады. Жалға алушы санитариялық қағидаларды, гигиеналық нормативтерді, техникалық регламенттерді, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының (УСЭК) және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарын қоса алғанда, объектідегі қызметті Қазақстан Республикасының барлық нормативтік құқықтық актілеріне қатаң сәйкес жүзеге асыруға міндеттенеді. Жалға алушы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны немесе УСЭК қызметінің басталғаны туралы хабарламаны (рұқсатты), лицензияларды (қажет болған жағдайда), сапа сертификаттарын, сәйкестік туралы декларацияларды, ветеринариялық анықтамаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құжаттарды қоса алғанда, барлық қажетті рұқсат құжаттарын дербес және өз есебінен алуға, иеленуге және қолданыста ұстауға міндетті. мәлімделген қызмет түрін жүзеге асыру. Жалға алушының қызметіне байланысты мемлекеттік органдар қолданатын барлық айыппұлдарды, нұсқамаларды, қызметті тоқтата тұруды, санкцияларды және өзге де ықпал ету шараларын Жалға алушы дербес және оның есебінен орындайды және жалға берушіге ұсынылмайды. Объектінің нысаналы пайдаланылуын, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық, өртке қарсы және өзге де міндетті талаптардың сақталуын тексеруді жүзеге асыру; Объектіні мақсатсыз пайдаланған, УСЭК рұқсаттары, сапа сертификаттары, сәйкестік туралы декларациялар болмаған не Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған жағдайда шартты біржақты тәртіппен бұзу. Объектіні тек 1.2-тармақта көрсетілген мақсаттарда пайдалану. Қазақстан Республикасы санитариялық-эпидемиологиялық заңнамасының барлық талаптарын сақтай отырып, Шарттың; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарын қоса алғанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету; Қоршаған ортаның ластануына байланысты алымдарды, төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша шығыстарды, егер олар жалдаушының қызметінен туындаса, көтеріңіз. Емдік-диеталық тамақтануды ұйымдастыру тәртібі: Емделушілер үшін күнделікті емдік-диеталық 5-мезгіл

	тамақтануды жеткізу, Азық-түлікті сатып алу, Ыстық тамақ дайындау, Емдәмдерге сәйкес бөлімшелер бойынша ыстық тамақ беру, Ілеспе қызметтер және ас әзірлейтін бөліктің үй-жайларында ыстық тамақ дайындауға арналған жабдықтардың жетіспейтін ассортименті мен санын сатып алу және орнатуды Өнім беруші қамтамасыз етеді. Науқастардың санын күн сайын бір күн бұрын, жұма күні – үш күн бұрын беру үшін тапсырыс беруші – бөлімшелердің аға мейірбикелері жауапты. Дайын өнімді беру уақытының кестесі: Таңғы ас 8.15 – 8.45; Екінші таңғы ас 10.00 – 10.30; Түскі ас 12.45 – 13.15; Бесіндік 15.45 – 16.00; Кешкі ас 17.30 – 18.00 уақыт аралықтарында жүзеге асырылу тиіс. 7. Науқастарды емдік-диеталық тамақпен, төменде берілген талаптарға сәйкес диеталық үстелдер бойынша қамтамасыз ету: № Сатып алынатын тауарлардың атауы Сатып алынатын тауарлардың атауы қысқаша сипаттамасы 1. апельсин тәтті және қышқыл целлюлоза сары-қызғылт сары қабығы, тәтті және қышқыл целлюлоза 2. банан қалың оңай алынатын сары қабығы бар шөптесін өсімдіктің жемісі диеталық жеміс 3. Геркулес жоғары сортты жапырақшалы сұлы, қаптамасы 5кг 4. ұнтақталған бұршақ сәл жылтыратылған беті, қаптамасы 0,9 кг 5. алмұрт шырынды целлюлозасы бар аттас ағаштың жемісі 6. ашытқы өзіне тән ерекше иісі бар кілегей түсті сығымдалған жаңа пластикалық масса 1 кг оралған 7. жасыл (аскөк, жасыл пияз) жаңа кесілген ащы шөптер аскөк, ақжелкен, жасыл пияз, салат жапырақтары. 8. Какао ұнтағы ұнтағы ерекше дәм мен хош иіс, бөтен дәм мен иіссіз, түсі ашық-қара қоңырдан күңгірт сұр реңксіз 0,100 кг пакет. 9. қырыққабат ақ түстің тығыз басы орташа өлшемді тұтас таза өнбеген 10. картоп түйнек, орташа түйнектер таяз көздердің саны аз 11. айран 3,2% қышқыл сүт өнімінен 1л тетра пакеті бар, йодталған айран 12. киви жіңішке түкті терісі тығыз шырынды жасыл еті бар Қою қоңыр түсті тропикалық жеміс дәмі тәтті 13. шұжық пайдалануға дайын, қабығында дәмдеуіштері бар тартылған Пол жасалған жартылай ысталған жоғары сортты 14. Кофе табиғи қуырылған кофенің кептірілген сығындысы ұнтақ қоңыр түсті хош иісті иісі бар 0,250 гр алады 15. қарақұмық жармасы 1 сортты 0,9 кг жеміс қабықтары жоқ сары реңктері бар қоңыр 16. бидай жармасы сусымалы ақ сарғыш түсті ұнтақты емес қаптама 1 кг 17. арпа жармасы бөгде қоспаларсыз сұр түсті тұтас ірі астық қаптама 0,9 кг 18. жүгері жармасы жүгеріден жасалған ұнтақталған Жарма, бөгде иіссіз және дәмсіз, 1 кг қаптама 19. тары ұнтақталған ашық сары түсті жоғары сұрыпты бөгде қоспаларсыз, қаптамасы 0,9 кг 20. арпа сарыға дейін бөгде қоспаларсыз ұсақталған ұсақталған, қаптамасы 0,9 кг 21. 1 санаттағы тауықтар құс ұшалары жаңа мұздатылған ішектелген деформацияланбаған ақшыл - сары түсті, ерекше иісі бар 22. пияз өткір ерекше иісі бар сары түсті түбірлік көкөніс 23. макарон құбырлы, бұйра ұннан жасалған макарон бұйымдары, қаптамасы 0,400 кг 24. мандариндер апельсин қабығының ерекше хош иісі бар 25. өсімдік майы мөлдір жауын-шашынсыз, иіссіз дәмі тән, ашық сары түсті 1л бөтелке қабаты. 26. сары май 82.5% дәмі мен

	иісі таза, бөгде дәмдер мен иістерсіз, тығыз біртекті беті, сәл жылтыр және құрғақ, ылғалдың ұсақ тамшысынсыз. 27. сүт 3,2% сиыр табиғи ақ сәл кремді реңк, жағымды ерекше тәтті дәмі оралған 1л тетра пакеті 28. сәбіз орташа мөлшердегі сәбіз тамыры ашық қызғылт сары түсті 29. көксерке (тұқы филесі) мұздың жұқа қабатымен жылтыратылған балмұздақ филесі, жоғары сұрыпты таза, тығыз және тегіс беті балықтың осы түріне тән түс 30. бидай ұны жоғары сұрыпты ақ бидайдан ұнтақталған ұнтақ өнім, қаптамасы 25 кг 31. ет сиыр еті жоғары санаттағы жоғары санаттағы, бозғылт қызғылт немесе бозғылт қызыл түсті кесіндіде жаңа піскен запах иісі тығыз болуы тиіс-ет хош иісті тән 32. жаңа піскен қияр жұмсақ тығыз целлюлозасы бар орташа жемісті жасыл түсті 33. бұрыш қызыл, жасыл түсті сабағы бар тәтті болгар былғары шырынды бұрыш 34. қызанақ жаңа қызыл тегіс таза беті бар көкөніс 35. баклажан жаңа піскен жемістер ұзын сорт бірінші. Балғын, піскен, зақымдалмаған, құрап қалмаған. 36. желе тамыр дақылы ащы-өткір дәмі ерекше иісі бар 37. жарма ұнтақталған күріш бар сәл өрескел беті, ақ түсті тұтас, жоғары сортты бөгде қоспаларсыз, қаптамасы 0,9 кг 38. түйіршіктелген қант түйіршіксіз жылтырлығы бар ақ сусымалы дәмі тәтті, қаптамасы 25 кг 39. қызылша шырынды, қарқынды боялған целлюлозасы бар орташа мөлшердегі тамыр дақылдары 40. қаймақ 20% консистенциясы біркелкі, сирек жылтыр көрініс, дәмі нәзік қышқыл емес, пастерленген сүт өнімі 0,2-0,4 пластикалық ыдыс 41. шырын жеміс шырыны целлюлозасы біртекті массасы араласқан, жемістер мен жидектердің целлюлозасын сүрткен тетра пакеті 1л 42. тұз ұсақ кристалды таза ақ йодталған полиэтилен пакеті 1кг 43. сарделкалар 14х32 ұзындығы 12-13 см дәмдеуіштермен қапталған ұсақталған ет тартылған ет сарделкалары 44. кептірілген жемістер кептірілген алма таза құрғақ сары-қызыл. 45. ірімшік қатты табиғи жұқа қыртысы бар, тегіс зақымдалмаған, қалың субкортикалық қабаты жоқ, сәл сары түсті парафин қоспасымен жабылған серпімді, жұмсақ. 46. сүзбе 9% сүзбе салмағы 9% йодталған оралған 200-500 47. томат пастасы қызанақ өнімі жоғары сұрыпты қызыл түсті біртекті консистенциясы тән табиғи дәмі мен иісі бар шыны ыдыс 0,850 кг. 48. асқабақ қызғылт сары түсті ірі етті жеміс 49. нан 1-сұрыпты бидай ұнынан жасалған пісірілген бұйымдар 1-сұрыпты Сұйық ашытқы, сығымдалған ашытқы, 0,600 кг орама. 50. Бородино тары наны. 1-сұрыпты ұн, қара бидай ұны, аршылған ұн, тұз, қант, ашытқы пресс кориандр, ашытылған уыт орама 0,400 кг. 51. шай ФАС түйіршіктерінде жоғары хош иісті хош иісті қасиеттері бар сергітетін сусын 0,250 кг / 50гр 52. жаңа піскен алма тәтті және қышқыл дәмі, шырынды жасыл, сары, қызыл 53. жұмыртқа санатты тауық жұмыртқасы қабығы күңгірт, оқуға оңай, 0,040 кг. 54. кептірілген наубайхана Йодталған, престелген, буып-түйілген, 1 кг-нан аспайтын жаңа піскен(1000 гр), бөгде бляшкасыз, біртекті консистенциясыз, бүліну белгілері жоқ, біркелкі, ашық, сұрғылт және кремді реңк, тығыз, оңай сынуы және жағылмауы керек, көгерудің иісі жоқ және бөгде дәмсіз, тез әсер

	ететін құрғақ. 55. томат пюресі томат пастасы, құрамы: томат пастасы, су, тұз, қант, консервант Е211, Е202. 1 литрден аспайтын шыны банкаларға оралған қою қызыл түсті, тұтастығын бұзбай, жарамдылық мерзіміне сәйкес келетін кебулерсіз. 56. бұршақ бұршақ дақылдарында қабығы бар дәндер қараңғыланбаған болуы керек. Тазартылған құрғақ, тұтас, жоғары сортты, салмағы 25,0 кг аспайтын қаптамалық қаптар. 57. қияр консервіленген қияр 2 л. (XII-V) сірке суын немесе сірке қышқылын қолдану арқылы. Ас тұзының және/немесе қанттың, сірке суының немесе сірке қышқылының, дәмдеуіштердің немесе олардың сығындыларының ерітіндісімен құйылған, тағамдық өсімдік майы мен шөптер қосылған немесе қосылмаған. Консервіленген, тұтас, қытырлақ, осы шаруашылық - ботаникалық сортқа сәйкес келетін, мыжылмаған, мыжылмаған, қышқылдың айқын дәмі жоқ, көгермеген, механикалық зақымданбаған қияр. Кішкентай және орташа мөлшердегі қияр (5-10 см). Таза салмақ жоқ су. 58. қырыққабат тұздалған қырыққабат сірке суы немесе сірке қышқылынсыз дайындалған балмұздақсыз. Қажетті органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерді, дайын өнімді сақтау кезінде микробиологиялық тұрақтылық пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында белгілі бір аралықта берілген температуралық режимде ұсталған, дәмдеуіштер қосылған немесе қосылмаған ас тұзымен немесе оның ерітіндісімен және (немесе) сүт қышқылды ашытқылармен өңделген. Қосымша сипаттама: ашық, сабан сары, қышқыл-тұзды дәмі, ащы дәмі жоқ, шырынды, қытырлақ, серпімді. 59. кәмпиттер. корпустан (толтырудан) және шоколад глазурінен тұратын жұмсақ консистенциялы шоколадты қантты кондитерлік өнімдер. құрамында 40-70% қант бар жоғары калориялы өнімдер. Толтыру жоқ. Жұмсақ консистенциясы бар шоколадты кәмпиттер,корпус(толтыру) және шоколадты глазурьден тұрады, жаңа, жұмсақ, бұзылу белгілері жоқ, құрамында 40-70% қант бар жоғары калориялы өнімдер. Қағаз қаптамада бөгде иіссіз оралған кәмпиттер, өнімнің тұтастығын сақтау. Сынған. 60. печенье беті тегіс, айқын өрнегі бар. Бұл печенье атауына тән түс, әртүрлі реңктер біркелкі. Дәмі мен иісі-бұл печенье атауына тән, иісі мен дәмі жоқ. Қант. 61. Вафли Вафли 62. Кәмпит Карамель Кондитерлік өнім, қантты қыздыру немесе қант ерітіндісін крахмал сірнесімен немесе инертті сироппен қайнату арқылы алынады. Бұл қатты масса. Жемістермен толтырылған карамель кәмпиттері жаңа және жұмсақ. Қағаз қаптамада бөгде иіссіз оралған кәмпиттер, өнімнің тұтастығын сақтау. Сынған. 9. Төменде ұсынылған талаптарға сәйкес диеталық үстелдер бойынша науқастарды емдік-диеталық тамақпен қамтамасыз ету: ЕМДӘМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР Нөлдік емдәмі Қолдану көрсеткіштері: ас қорыту мүшелеріне ота жасағаннан кейін; науқастың жартылай бейсаналық жағдайы. Нысаналы мақсаты. Қатты тағамды қабылдауға қарсы көрсетілімдер болған жағдайда ағзаны тағамдық заттардың ең аз мөлшерімен қамтамасыз ету; ас қорыту мүшелерін барынша босату, ішектердің кебуін (газдардың жинақталуын) алдын алу. № 0а емдәмі. Энергетикалық құндылығы - 3161-4271 кДж (755-1020 ккал).

	Химиялық құрамы: ақуыздар - 5-10 г, майлар - 15-20 г, көмірсулар - 150-200 г, натрий хлориді - 1-2 г, бос сұйықтық - 1,8-2,2 л. Аспаздық өңдеу. Сұйық және желе тәрізді тағамдарды қамтамасыз етеді. Тамақ ішу тәртібі. Тамақты бөліп-бөліп тәулігіне 7-8 рет 45°-тан аспайтын температурада қабылдайды; бір қабылдауға 200-300 г артық емес болуы қажет. Ұсынылады: әлсіз майсыз ет сорпасы, кілегей қосылған шырышты қайнатпалары, жеміс-жидек киселі, жеміс-жидек шырындары, жеміс дірілдегі, қант қосылған итмұрын қайнатпасы. Алынып тасталады: қаймағы алынбаған сүт, тығыз және пюре тәрізді тағамдар, газдалған сусындар. № 0б емдәмі (1 а-хирургиялық). Энергетикалық құндылығы - 6364-6908 кДж (1520-1650 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар – 40-50 г, майлар – 40-50 г, көмірсулар - 250 г, натрий хлориді - 4-5 г; бос сұйықтық - 2 л. дейін. Тамақ ішу тәртібі. Күніне 6 рет жылы түрінде 350-400 г дейін қабылдауға рұқсат етіледі; 0а емдәмінен кейін тағайындалады. Ұсынылады: № 0а емдәмдік өнімдері мен тағамдарына қосымша, көкөніс қайнатпасындағы шырышты жарма сорпалары, дәнді дақылдардан (қарақұмық, күріш, геркулес) сұйық жарма ботқалары, буға пісірілген ақуыз омлеті, шала пісірілген жұмыртқа, буға пісірілген суфле немесе майсыз ет пен балық езбесі, қышқыл емес жидектерден жасалған мусс. № 0в емдәмі (16 - хирургиялық). Энергетикалық құндылығы - 9211-10048 кДж (2200-2400 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 80-90 г, майлар - 65-70 г, көмірсулар - 320-350 г, натрий хлориді - 6-7 г, бос сұйықтық - 1,5 л. Тамақ ішу тәртібі. Күніне 6 рет жылы күйде тамақтану; физиологиялық толық тамақтануға көшу кезеңі ретінде № 0б емдәмінен кейін тағайындалады. Ұсынылады: езбе көжелер, крем-сорпалар, үккіштен өткізілген пісірілген ет пен балықтан жасалған бу тағамдары, сүзбеден жасалған бу тағамдары, кілегей қосылған езілген сүзбе, ашытылған сүт сусындары, пісірілген алма, езілген көкөніс және жеміс езбесі, 75 г дейін ақ кепкен нан. № 1а емдәмі Қолдану көрсеткіштері: асқыну кезеңіндегі ойық жара ауруы (алғашқы 8-12 күнде); жіті гастриттер, созылмалы гастрит және гастродуоденитгің өршуі (емдеудің алғашқы күндерінде); асқазанға ота жасалғаннан кейін (6-7 күннен кейін); өңештің күйігі. Нысаналы мақсаты. Ас қорыту өзегін максималды механикалық және химиялық қорғау арқылы шырышты қабықтың қалпына келуіне және асқазанның рефлекторлық қозғыштығын төмендетуге, одан шығатын интероцептивті тітіркенуді азайтуға көмектеседі. Жалпы сипаттамасы. Энергия құндылығын шектеу көбінесе көмірсулар мен аз мөлшерде ақуыздар мен майларға байланысты. Асқазанның шырышты қабығын механикалық, химиялық және термиялық (өте ыстық және суық) тітіркендіретін асқазан секрециясының күшті қоздырғышы болып табылатын өнімдер алынып тасталады. Энергетикалық құндылығы - 7746-8374 кДж (1850-2000 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 80-90 г (65-70% жануарлар), майлар - до 80-90 г (20 % өсімдік), көмірсулар - 200 г, натрий хлориді - 8 г; бос сұйықтық - 1,3-1,5 л. Аспаздық өңдеу. Сұйық және жартылай сұйық консистенция түрінде піскен немесе

	буға пісірілген тағам. Тамақ ішу тәртібі. Емдәм төсек тартып жатуды сақтауға көзделген. Тамақты күніне 6 рет 2-3 сағат сайын жылы күйде (40-50 °C) бөліп-бөліп қабылдайды. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері алынып тасталады. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: сиыр етінің, бұзаудың, қоянның сіңірлерді, шандырларды және майларды алып тастағаннан кейінгі майсыз сорттары. Құс теріден тазартылады. Күніне 1 рет піскен еттен езбе немесе буда пісірілген суфле түрінде қолданылады. Тыйым салынады: ет және құс етінен басқа тағамдар. 3. Балық. Ұсынылады: күніне 1 рет (ет орнына) аз майлы сорттардың қайнатылған балықтарынан буға пісірілген суфле (көксерке және т.б.). Тыйым салынады: майлы түрлері және басқа да тағамдар. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: шала пісірілген немесе буға пісірілген омлеті (күніне 3-4 данаға дейін). Тыйым салынады: басқа түрде. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сүт, кілегей, сүзбе бу суфлесі. Тыйым салынады: ірімшік және сүт қышқылы өнімдері (айран, йогурт, қаймақ, сүзбе және т.б.). 6. Майлар. Ұсынылады: тұздалмаған сары май және табиғи түрде жақсы тазартылған, тамаққа қосылған зәйтүн майы. Басқа сорттарға тыйым салынады. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұнтақ жармадан, балаларға арналған күріш және қарақұмық ұнынан, талқаннан жасалған сүт сұйық ботқалары ұсынылады. Макарон өнімдері, бұршақ және басқа да ботқаларға тыйым салынады. 8. Көкөністер. Ұсынылады: гомогенделген (балалар тағамы). Тыйым салынады: басқа түрде. 9. Көжелер. Ұсынылады: күріштен, арпа және сұлы (геркулестен) жармаларынан сүтпен шырышты қайнатынды. Тыйым салынады: ет, тауық еті, балық, көкөніс, саңырауқұлақ сорпалары. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер: Ұсынылады: қант, бал, сүт киселі; желатин қосылған қышқыл емес жидектер мен жемістерден дірілдек, кисель, мусс; безелер. Тыйым салынады: шикі түрдегі жемістер мен жидектер. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер алынып тасталады. 12. Сусындар. Ұсынылады: итмұрын, бидай кебегі қайнатпалары, қант қосылған сумен араластырылған жаңа піскен қышқыл емес жемістер мен жидектер шырындары, сүт немесе кілегей қосылған әлсіз шай. Тыйым салынады: кофе, какао, квас, газдалған сусындар. № 1б емдәмі Қолдану көрсеткіштері: асқыну кезеңіндегі ойық жара ауруы (№1а емдәмінен 8-12 күн болғаннан кейін); жіті гастрит және созылмалы гастриттің өршуі; асқазанға отадан кейін (№1а емдәмінен өту). Нысаналы мақсаты. № 1а емдәмдегідей, бірақ асқазанның біркелкі қорғалуымен (№1а және 1 емдәмдер арасындағы орташа). Жалпы сипаттамасы. Көмірсулардың әсерінен энергия құндылығын қалыпты шектеу. Ақуыздар мен майлардың қалыпты мөлшері. Асқазанды химиялық және термиялық түрде тітіркендіретін асқазан секрециясының күшті қоздырғыштары алынып тасталады; асқазанды механикалық қорғалуы № 1а диетасына қарағанда қатаң емес. Энергетикалық құндылығы - 10048-10886 кДж (2400-2600 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 90 г (60-65% жануарлар), майлар - 90 г (20-25% өсімдік), көмірсулар - 300-350 г, натрий хлориді - 10 г; бос сұйықтық

	- 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Буда пісірілген немесе дайындалған түрде жартылай сұйық және езбе тәрізді консистенциясы бар тағам. Тамақ ішу тәртібі. Тамақты жартылай төсек тартып жату жағдайында 2-3 сағат сайын күніне 6 рет бөліп-бөліп жылы күйде (40-50 °С) қабылдайды. Ұсынылады: № 1а емдәміне қосымша – 70-100 г ақ кепкен нан және құрғақ бисквит, кнельдер, жентектелген ет түйірлері, езбе, пісірілген ет пен балықтан жасалған суфле; сүт қосылған езілген сүзбе. Шырышты сорпалардың орнына езілген сорпалар. Көкөніс езбелері, жаңа алынған қаймақ тұздығы. № 1а емдәммен салыстырғанда № 1б диеталық рұқсат етілген кеңейтімдерді ескере отырып, шектеулер аз. № 1 (негізгі) емдәмі Қолдану көрсеткіштері: өршуі басылған және ремиссия кезеңінде асқазанның қалыпты және жоғарылаған секрециясы бар ойық жара ауруы және созылмалы гастрит (3-5 ай ішінде); асқыну кезеңінде секреторлық жеткіліксіздігі бар созылмалы гастрит; сауығу кезеңінде жіті гастрит; асқазанға ота жасағаннан кейінгі қалпына келтіру кезеңінде (№1а және 1б емдәмдерден кейін). Нысаналы мақсаты. № 1б диетадағыдай, бірақ асқазанның қорғалуы аздығымен. Жалпы сипаттамасы. Жеткілікті энергетикалық құндылығы бар және негізгі қоректік заттардың қалыпты қатынасы бар емдәм. Химиялық және термиялық тамақ тітіркендіргіштері асқазан секрециясының күшті стимуляторлары алынып тасталады. Асқазанды механикалық қорғау № 1б диетасына қарағанда қатаң емес. Энергетикалық құндылығы - 12142-12979 кДж (2900-3100 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 100 г (60 % жануарлар), майлар – 100 г (20-30% өсімдік), көмірсулар - 400-450 г; натрий хлориді - 12 г; бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Тамақты буда дайындайды, езілген түрінде пісіреді және береді. Тамақ ішу тәртібі. Тамақ күніне 5-6 рет жылы күйде (40-50 °С) қабылданады. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: кешегі пісірілген немесе кептірілген 1-сұрыпты жоғары және 1-сұрыпты бидай наны; майқоспасыз тоқаштар (аптасына 1-2 рет); құрғақ бисквит, майықоспасыз печенье («Мария» типті). Тыйым салынады: қара бидай наны, жаңа піскен, құймақ, бәліштер, қаусырма, тоқаштар, (№1емдәм - хирургиялық - № 1 емдәмнен әлсіз ет, балық және көкөніс сорпаларын қосып, қаймағы алынбаған сүтті шектеумен ерекшеленеді). 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: сіңірсіз және шандырсыз майы жоқ еттің сорттары (сиыр еті, бұзау, қоян), қайнатылған немесе буда пісірілген түрінде, езілген (котлеттер, кнельдер, жентектелген ет түйірлері, езбе, суфле, орама және т.б.) терісі жоқ тауық еті мен күркетауық еті, бұзау, қоян, кесек түрінде пісірілген балапан еті, пісірілген еттен жасалған бефстрогандар. Қайнатылған және буда пісірілген тіл мен бауыр. Майсыз, сіңірсіз, тұздалмаған ветчина; докторлық және диеталық майдалап кесілген шұжықтар; ет ірімшігі, бауыр паштеті. Тыйым салынады: ет пен құс етінің қуырылған және бұқтырылған майлы және сіңірлі сорттары, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз терісі жоқ кесек түрінде немесе котлет массасы түрінде қайнатылған немесе буда

	пісірілген түрде, көкөністі шырмен құйма. Аз мөлшерде аз тұздалған түйіршіктелген уылдырық. Тыйым салынады: майлы түрлері (бекіре, қызыл балық және т.б.), ысталған, тұздалған, қуырылған, бұқтырылған. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: шала пісірілген жұмыртқа, буға пісірілген омлеті және уыздық (күніне 2 жұмыртқа). Тыйым салынады: бітеу пісірілген, қуырылған жұмыртқа мен омлет, шикі жұмыртқаның ақтығы. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: қаймағы алынбаған сүт, кілегей, бір күндік қатық, жаңа піскен қышқыл емес қаймақ және тағамдағы сүзбе (жалқау вареникте, көмештер, пудингтер және т.б.); езілген тұзсыз ірімшік. Тыйым салынады: қышқылдығы жоғары сүт өнімдері, тұзды ірімшіктер. 6. Майлар. Ұсынылады: тұздалмаған сары май және табиғи түрде жақсы тазартылған, тамаққа қосылған зәйтүн майы және күнбағыс майы. Басқа майлар және қатты қуырылған май алынып тасталады. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: сүтке немесе суға пісірілген ботқалар – ұнтақ жарма, жақсы қайнатылған күріш, езілген қарақұмық және сұлы жармасы. Буға піскен пудингтері, суфле, ұнтақталған жармалардан котлеттер. Қайнатылған туралған макарон өнімдері. Тыйым салынады: тары, арпа жармасы, арпа, қарақұмық (дәндер), бұршақ дақылдары, тұтас макарондар. 8. Көкөністер. Ұсынылады: суда немесе буға пісірілген және езілген (езбе, суфле) қызылша, картоп, сәбіз, гүлді қырыққабат, жасыл бұршақ; буға піскен пудингтері; тілімдерге кесілген, пісірілген түрдегі кәді мен асқабақ. Кейде аз мөлшерде піскен қышқыл емес қызанақ. Тыйым салынады: басқа көкөністер, тұздалған, ашытылған, маринадталған көкөністер мен саңырауқұлақтар, консервіленген көкөністер. 9. Көжелер. Ұсынылады: рұқсат етілген езілген көкөністер қосылған езілген көкөністерден, сүт, жарма, вермишельден немесе үй кеспесінен; көкөністерден, алдын ала пісірілген тауықтардан немесе еттен жасалған сүт езбе көжелері. Сары май, қышқыл емес қаймақ, жұмыртқаның сарысы қосылады. Тыйым салынады: ет, тауық еті, балық сорпасы, саңырауқұлақ және көкөніс қайнатпалары, борщ, щи, окрошка. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: езбе, дірілдек, кисель, мусстар, езілген компоттары түрінде піскен тәтті жемістер мен жидектер. Пісірілген алма (терісі жоқ). Көпіршітілген ақуыздан тәтті тағамдар (мусстар, самбуктар), көпіршітілген кілегей, кремдер, сүт киселі. Қант, бал, тәтті жидектер мен жемістерден жасалған джемдер мен тосаптар, пастила, зефир. Тыйым салынады: шикі күйінде қышқыл және піспеген жидектер мен жемістер, шоколад, халва, өңделмеген кептірілген жемістер. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: сүт, қаймақ, жұмыртқа-майлы тұздықтары. Көжелерге майдалап туралған аскөк; ванилин. Тыйым салынады: басқа тұздықтар мен дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: сүт немесе кілегей қосылған әлсіз шай, сүттегі әлсіз какао, тәтті жеміс-жидек шырындары, итмұрынның, бидай кебегінің қайнатпасы. Тыйым салынады: квас, кофе, газдалған сусындар, қышқыл жидектер мен жемістердің шырындары. № 4 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: асқыну кезеңіндегі созылмалы

	колиттер мен энтероколиттер; аурудың басындағы жіті гастроэнтероколиттер (аш күннен кейін); дизентерия, іш сүзегі, ішек туберкулезі (алғашқы 5-7 күн ішінде). Нысаналы мақсаты: ішекті барынша механикалық, химиялық және термиялық қорғау; қабыну процесін жою және бұзылған функцияларды қалпына келтіру үшін жағдай жасау; ішектердегі ашыту және шіріту процестерін азайту. Жалпы сипаттамасы. Энергия құндылығының төмендеуі негізінен көмірсулар мен майларға байланысты; ақуыздардың мөлшері физиологиялық нормаға сәйкес келеді; натрий хлориді құрамының төмендеуі. Механикалық, химиялық және термиялық тітіркендіргіштер алынып тасталады; ішектердегі ашыту және шіріту процестеріне ықпал ететін өнімдер, сіңірілмейтін тамақ, өт шығарудың күшті стимуляторлары, асқазан мен ұйқы безінің секреторлық қызметі, сондай-ақ бауырды тітіркендіретін заттар. Энергетикалық құндылығы - 8583 кДж (2050 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 100 г (60-70% жануарлар), майлар - 70 г (40-50 г сары май), көмірсулар - 250 г (30-50 г қант); натрий хлориді - 8-10 г; бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Тамақ қайнатылады, буға пісіріледі және сұйық, езбе және үгітілген түрінде қолданылады. Тамақ ішу тәртібі. Төсек тартып жатуды сақтай отырып, күніне 3-6 рет жылы күйде бөліп-бөліп тамақтану. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: жоғары сұрыпты ұннан пісірілген бидай наны, өткен күні пісірілген нан өнімдері (шектеулі); бидай нанынан жасалған кепкен нан; майқоспасыз печенье. Тыйым салынады: қара бидай және жаңа піскен нан; майқоспа қамырдан жасалған бұйымдар,жұқа құймақтар, құймақтар. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: жирные сорта: сиыр етінің, бұзаудың, тауықтың, күркетауықтың майсыз сорттары, үгітілген және туралған, суға немесе буға пісірілген, нанның орнына тартылған етке күріш қосылған; тартылған ет ұсақ тормен ет тартқыштан 2-3 рет өтеді. Қайнатылған балапан еті. Үгітілген еттен құйма. Тыйым салынады: майлы сорттар: бұқтырылған және қуырылған қой еті, шошқа еті, қаз, үйрек, шұжық, ветчина, ысталған ет, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: кесекпен майсыз (көксерке, алабұға және т.б.), туралған және үгітілген, суда немесе буға пісірілген, құйылып ұйыған балық, аз тұздалған түйіршікті уылдырық. Тыйым салынады: майлы түрлері, ысталған, маринадталған, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: шала піскен жұмыртқа, буда піскен омлеті, тағамдардың құрамында (күніне бір). Тыйым салынады: шикі, қуырылған, қатты пісірілген. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: ацидофильді сүт және паста, үгітілген кальциленген сүзбе. Тыйым салынады: қаймағы алынбаған сүт, кілегей, қаймақ, бір күндік айран, ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: табиғи түрдегі және дайын тағамдардағы сары май. Тыйым салынады: басқа майлар. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: суға немесе майсыз сорпаға піскен күріш, ұнтақ жарма, сұлы, қарақұмық ботқа түрінде, буға піскен пудингі, қайнатылған вермишель. Тыйым салынады: арпа, тары, арпа жармасы, бытырап піскен ботқалар, макарон көмеші,

	бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: қайнатпа түрінде (сорпаға қосылады). Тыйым салынады: барлық түрлері. 9. Көжелер. Ұсынылады: күріш, ұнтақ жарма, вермишель, жентектелген ет түйірлері бар майсыз әлсіз еттен, тауық етінен немесе балықтан сорпа. Сары май қосылған сол сорпалардан шырышты көжелер. Тыйым салынады: күшті және майлы сорпадағы көжелер, сүт, көкөністер, бұршақ дақылдары, суық көжелер. 10. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: алма езбесі. Қышқыл емес жидектер мен жемістердің шырындарынан жасалған кисель мен дірілдек, кептірілген қарақат, көкжидек, итмұрын, айва, мойыл қайнатпалары. Қант шектеулі мөлшерде. Тыйым салынады: жаңа піскен жемістер мен жидектер, кептірілген жемістер, компоттар, бал, тосап және басқа да тәттілер. 11. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: сары май, майсыз сорпа. Тыйым салынады: дәмдеуіштер. 12. Сусындар. Ұсынылады: шай (әсіресе жасыл шайдың тұнбасы), кофе, судағы какао. Сумен сұйылтылған қышқыл емес жидектер мен жемістердің шырындары. Кептірілген қарақат, көкжидек, мойыл, кизил, айва, итмұрын қайнатпасы. Тыйым салынады: сүт қосылған кофе мен какао, квас, жүзім шырыны, газдалған және салқын сусындар. № 4б емдәмі Қолдану көрсеткіштері: созылмалы колиттер мен энтероколиттер бұлдыр өршу кезеңінде (№4 емдәмнен кейін); жіті энтероколит жақсару кезеңінде; бұл аурулардың асқазан, ұйқы безі, бауыр және өт жолдарының зақымдалуымен үйлескен жағдайларда. Нысаналы мақсаты. Ішектің орташа механикалық және химиялық қорғалуы. Қабыну процесін азайтуға, ішектердегі ашыту мен шірік процестерін шектеуге, ішектің және ас қорыту жүйесінің басқа мүшелерінің бұзылған функционалды жағдайын қалыпқа келтіруге жағдай жасау. Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылығы мен химиялық құрамы бойынша тұз мөлшерін аз шектеумен толымды. Шырышты қабықтың және тағамдық арнасының рецепторлық аппаратының механикалық, химиялық және термиялық тітіркендіргіштері біршама шектелген; ішектердегі ашыту және шіріту процестеріне ықпал ететін, өт бөлінуін, асқазанның, ұйқы безінің секреторлық қызметін күрт ынталандыратын және бауырды тітіркендіретін өнімдер мен тағамдар, қорытылмайтын тағам. Энергетикалық құндылығы - 12142-15072 кДж (2900-3600 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 100-120 г (60-65 % - жануарлар), майлар - 100-120 г (сары майдың басым болуымен), көмірсулар - 400-500 г (50-70 г қант); натрий хлориді - 10 г; бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Тағам қайнатылады, буға пісіріледі, қатқыл қыртыссыз қыздырып пісіріледі, ұсақталған немесе үгітілген түрінде қолданылады. Тамақ ішу тәртібі. Күніне 5-6 рет бөліп-бөліп тамақтану Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: кешегі пісірілген бидай наны, құрғақ бисквит, құрғақ печенье аптасына 1-2 рет; көтере алса сүзбе, қайнатылған ет және жұмыртқа, алма қосылған жақсы пісірілген майқоспасыз тоқаштар және бәліштер шектеулі мөлшерде. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: майсыз сиыр еті, тауық еті, күркетауық (терісіз) туралған және үгітілген түрінде

	(котлеттер, жентектелген ет түйірлері, кнельдер, суфле және т.б.), буға пісірілген, көмештелген, ұнтаққа аунатылмаған аздап қуырылған. Бұзау, қоян, балапан еттері, тіл - пісірілген және бұқтырылған. Тыйым салынады: майлы ет сорттары, үйрек, қаз еттері, шұжық, ысталған ет, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз, кесекпен, қайнатылған, құйылып ұйыған, туралған (ұнтаққа аунатылмаған қуырылған котлеттер, орама және көмештелген пудингтер). Кета және қара түйіршікті уылдырығы. Тыйым салынады: майлы түрлері, ысталған, тұздалған, маринадталған, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: шала піскен жұмыртқа, көмештелген және буға піскен омлеттері, тағам қрамында (күніне екі жұмыртқаға дейін). Тыйым салынады: шикі, қуырылған, қатты пісірілген. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: сүт, кілегей, аз мөлшерде қышқыл емес қаймақ, тек тағам құрамында (жақсы көтере алуымен), Тернер бойынша қышқылдығы 90%-дан аспайтын сүт қышқылды сусындар (айран, ацидофильді сүт, майлы айран және т.б.), жаңа дайындалған сүзбе, сүзбе пастасы, буға піскен немесе көмештелген сүзбе пудингі; тұссыз ірімшік («ярославский», «советский», «угличский», «российский» және т.б.). Тыйым салынады: сүт, кілегей, табиғи түрдегі қаймақ, қышқылдығы жоғары сүт қышқылы өнімдері (айран, сүзбе және т.б.), тұзды ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: табиғи түрдегі сары май және тағам құрамында сары май. Басқа майлар алынып тасталады. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: күріш, геркулес, сұлы, қарақұмық 1/2-1/3 сүт қосылған, пудингтер, ірімшік көмеші қосылған суда жасалған ботқа түрінде. Қайнатылған вермишель мен кеспе. Тыйым салынады: арпа, қарақұмық (дән), тары, ұнтақ жарма, макарондар, бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: қайнатылған және езілген сәбіз, гүлді қырыққабат, кәді, асқабақ, картоп (шектеулі), езілген көкөністерден суфле, піскен шикі қызанақ (100-150 г дейін). Тыйым салынады: шомыр, шалғам, қырыққабат, қызылша, шалқан, тарна, қияр, қымыздық, асжапырақ, пияз, саңырауқұлақтар. 9. Көжелер. Ұсынылады: әлсіз майсыз ет немесе балық сорпасындағы көжелер, әбден қайнатылған жармамен, вермишельмен, кеспемен, майдалап туралған көкөністермен, жентектелген ет түйірлерімен көкөніс қайнатпалары. Тыйым салынады: сүт көжесі, бұршақ дақылдарынан көжелер, қышқылтым көже, борщ, щи, окрошка, қызылша сорпасы. 10. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: көкөніс қайнатпасы мен ет сорпасындағы тұздық, қаймақты тұздық, бешамель, жемісті тұздық. Аскөк, ақжелкен, лавр жапырағы, даршын, ванилин. Тыйым салынады: ашты және майлы тұздықтар, бұрыш, желкек, қыша. 11. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. көтере алғанда тәтті сорттардың піскен жидектері мен жемістері (құлпынай, алма, алмұрт, мандарин) шикі түрінде аз мөлшерде. Жаңа піскен немесе пісірілген алма. Кисельдер, дірілдек, мусстар, қышқыл емес жидектер мен жемістерден езілген компоттары. «Снежки» және «меренги» безелері. Мармелад, зефир, жеміс қағынан жасалған кәмпит. Жидектер мен жемістердің тәтті сорттарынан джемдер мен тосаптар. Қант аз мөлшерде.

	Тыйым салынады: жүзім, сары өрік, шабдалы, қара өрік, қауын, қарбыз, ірі дәндері бар жидектер, кептірілген жемістер, бал, балмұздақ, крем өнімдері. 12. Сусындар. Ұсынылады: Шай, кофе, итмұрын сорпасы, сумен сұйылтылған қышқыл емес жидектер мен жемістердің шырындары. Тыйым салынады: жүзім шырыны, газдалған және суық сусындар № 4в емдәмі Қолдану көрсеткіштері: жіті колиттер және сауығу сатысындағы энтероколиттер (№4б емдәмінен кейін, ұтымды тамақтануға көшу ретінде); ремиссия кезеңіндегі созылмалы энтероколиттер, сондай-ақ осы аурулардың ас қорыту жүйесінің басқа да органдарының зақымдануымен үйлескен кезде; ішек функцияларының елеусіз бұзылуымен жіті және созылмалы инфекциялық аурулар. Нысаналы мақсаты. Дұрыс тамақтануды қамтамасыз ету, ішектерді аздап қорғау, ас қорыту органдарының бұзылған функцияларын қалпына келтіру және өтем жағдайын қолдау үшін жағдай жасау. Жалпы сипаттамасы. Энергетикалық құндылығы мен химиялық құрамы жағынан толық рацион, механикалық тітіркендіргіштерін аз-ақ шектеумен және шырышты қабықтың химиялық тітіркендіргіштерін және тағам каналының рецепторлық аппаратын орташа шектеумен, ішектердегі ашыту және шіріту процестерін күшейтетін өнімдер мен тағамдарды қоспағанда, өт шығарудың күшті стимуляторлары, асқазан мен ұйқы безінің секреторлық қызметі, сондайақ бауырды тітіркендіреді. Энергетикалық құндылығы - 12142-15072 кДж (2900-3600 ккал). Химиялық құрамы: ақуыздар - 100-120 г (60 % жануарлар), майлар - 100-120 г (15-20% өсімдік), көмірсулар - 400-500 г; натрий хлориді - 12 г; бос сұйықтық - 1,5 л. Аспаздық өңдеу. Тамақ қайнатылады, пісіріледі, бұқтырылады, қатты қабықсыз, негізінен ұсақталмаған түрінде қолданылады. Қуырылған тағамдар шектеледі (әсіресе ұнтаққа аунатылған). Тамақ ішу тәртібі. Күніне 5 рет тамақтану. Ұсынылатын және тыйым салынатын өнімдер мен тағамдар 1. Нан және ұн өнімдері. Ұсынылады: кешегі пісірілген бидай наны, құрғақ бисквит, құрғақ печенье; тәтті кепкен нан (аптасына 1-2 рет аз мөлшерде), майқоспасыз тоқаштар немесе ірімшіктен, піскен ет пен жұмыртқадан және алмадан жасалған бәліштер, ірімшіктен жасалған ватрушка. 2. Ет және құс еті. Ұсынылады: қайнатылған, бұқтырылған, пісірілген, кейде қуырылған (ұнтаққа аунатпай) туралған немесе сирек кесек түрінде, аз мөлшерде майсыз, сіңірсіз сиыр еті, бұзау, қоян, тауық, күркетауық (терісіз) еттері. Диеталық, докторлық, сүт шұжықтары, шұжықша. Тыйым салынады: майлы сұрыпты ет, үйрек, қаз, шұжықтар, рұқсат етілгеннен басқа, ысталған ет, консервілер. 3. Балық. Ұсынылады: майсыз түрлері, қайнатылған, құйылып ұйыған, буға піскен, кейде қуырылған (ұнтаққа аунатпай), туралған немесе кесек түрінде. Жібіген туралған майшабақ шектеулі мөлшерде. Уылдырық. Тыйым салынады: майлы түрлері, ысталған, тұздалған, маринадталған түрлері, консервілер. 4. Жұмыртқа. Ұсынылады: шала піскен жұмыртқа, көмештелген және буға піскен омлеттер, тағам құрамында (күніне екі жұмыртқаға дейін). Тыйым салынады: шикі, қуырылған, қатты піскен жұмыртқа. 5. Сүт өнімдері. Ұсынылады: тағамдағы сүт, аз

	мөлшерде қышқыл емес қаймақ, тек тағамда, сүт қышқылды сусындар (ацидофил, айран, майлы айран) жақсы көтере алғанда, қышқыл емес, кальциленген табиғи сүзбе, сүзбе пастасы, буду піскен және көмештелген пудингтер түрінде, ащы емес ірімшік. Тыйым салынады: сүт, ащы және тұзды ірімшік. 6. Майлар. Ұсынылады: табиғи түрдегі сары май және қабылдау үшін 15 г дейін тағам құрамында, ерітілген (қуыру үшін), тазартылған өсімдік майлары. Басқа майларға тыйым салынады. 7. Жарма, макарон өнімдері және бұршақ дақылдары. Ұсынылады: барлық жармалар мен макарон өнімдері, судағы немесе суда сүтпен жартысындағы ботқалар, ет сорпасында, пудингтер, крупениктер, палау, зраза, котлеттер (ұнтаққа аунатпай). Тыйым салынады: бұршақ дақылдары. 8. Көкөністер. Ұсынылады: қайнатылған, буға пісірілген, көмештелген, езбе түрінде, аз мөлшерде картоп, қызылша (көтере алғанда), сәбіз, гүлді қырыққабат, кәді, асқабақ, , піскен шикі қызанақ. Тыйым салынады: шомыр, шалғам, қырыққабат, қызылша, шалқан, тарна, қияр, қымыздық, асжапырақ, пияз, саңырауқұлақтар. 9. Көжелер. Ұсынылады: ет немесе балық сорпасында, майдалап туралған көкөністермен (жармалармен, вермишельмен) көкөніс қайнатпасында. Тыйым салынады: күшті және майлы сорпалар, сүт көже, қышқылтым көже, окрошка. 10. Тұздықтар мен дәмдеуіштер. Ұсынылады: көкөніс қайнатпасында және ет сорпасында, қаймақты тұздық,бешамель, жемісті тұздық. Аскөк, ақжелкен, лавр жапырағы, даршын, ванилин. Тыйым салынады: ащы және майлы тұздықтар, бұрыш, желкек, қыша. 11. Жемістер, тәтті тағамдар мен тәттілер. Ұсынылады: піскен жидектер мен жемістер шикі түрінде. Пісірілген алма. Компоттар, кисельдер, дірілдек, мусстар, суфле, тосап, піскен жидектер мен жемістерден жасалған джемдер, кептірілген жемістерден жасалған компоттар. Мармелад, зефир, жеміс қағынан жасалған кәмпит, ирис, кілегейлі помадкалар. 12. Сусындар. Ұсынылады: шай, кофе, сүт қосылған какао, итмұрын қайнатпасы, қышқыл емес жидектер мен жемістердің және қызанақ шырындары. Тыйым салынады: жүзім шырыны, газдалған сусындар және квас. № 5 емдәмі Қолдану көрсеткіштері: жіті гепатиттер және сауығу кезеңіндегі холециститтер, созылмалы гепатиттер, бауыр циррозы, асқынудан тыс өт жолдарының қабыну зақымданулары (холециститтер, холангиогепатит және т.б.); бауыр және өт жолдары функцияларының бұзылуымен қатар жүретін аурулар. Барлық жағдайларда асқазан мен ішектің қатар жүретін аурулары жоқ. Нысаналы мақсаты. Бауыр мен өт жолдарының бұзылған функцияларын қалыпқа келтіруге, холестерин мен май алмасуын, бауырда гликогеннің жинақталуын реттеуге ықпал ету, өт шығару және ішектің қозғалыс функциясын ынталандыру. Жалпы сипаттамасы. Қуыру процесінде пайда болатын пуриндерге, азотты экстрактивті заттарға, холестеринге, қымыздық қышқылына, эфир майларына, майдың тотығу өнімдеріне (акролеиндер, альдегидтер) бай тағамдарды қоспағанда, энергия құндылығы бойынша ақуыздар, майлар мен көмірсулардың жеткілікті мөлшері бар толық емдәм. Липотропты заттардың (холин, метионин, лецитин) мөлшері артып, құрамында талшық пен

